



ПИОНЕР

№ 6 ИЮНЬ 1957
АЛМАТЫ



ФОТОЭТЮД

Түсірген Е. ФИЛИПЕНКО.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 6

ИЮНЬ
1957 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.

БАЛАЛАР БАҚЫТЫ ҮШІН

1 июнь! Бұл — балаларды қорғаудың халықаралық күні. Дүниежүзі бейбітшілік сүйгіш адамдарының бұл күнді тұңғыш рет атап өткеніне, міне, жеті жыл. Содан бері бұл күн жыл сайын барлық елде балалар бақыты мен қуанышын, сән-салтанатын қорғаудың дәстүрлі күні боп аталады.

Өздерің ойландаршы, жас балғындар! Соғыстан қырғын тапқан, зардап шеккен балалар жер шарында аз ба? Екінші дүниежүзілік соғыста талай балдырғандар ата-анасынан айрылып, жетім қалған жоқ па! Жау бомбасының астында, атылған оқ, жанған өрт ішінде тумай жатып, өмір салған жас сәбилер қаншама!

Соғыс жылдары мыңдаған балалар оқып жүрген мектебінен айрылды, аштық пен қайыршылық көрді, азап шекті. Сондықтан да ана мен бала бақытын ойлайтын адал

ниетті адамдар соғыс қаупін болдырмау үшін күресуде. Олар, міне, бүгін де, балаларды қорғаудың халықаралық күнінде тағы да өз пікірлерін ашық айтады.

— Соғысқа жол жоқ! Ана бақыты үшін, бала болашағы үшін дүние жүзіне бейбітшілік керек! — дейді олар.

Бірақ, бұл үнді, сенің ата-ананың адал ниетті, айбынды үнін өшіруге тырысатын, қолынан келсе, ана мен балаға, бейбітшілік сүйгіш бүкіл адамзатқа ажал оғын атқалы отырғандар да бар. Оларды сендер біліп қойындар, балғындар! Олар — Америка Құрама Штаттарының соғысшыл топтары. Олар әртүрлі соғыс одақтарын құрып, көп елде соғыс базаларын салып, жанталаса қарулануда. Жер шарының бейбітшілік сүйгіш халықтарын атом және сутегі бомбаларымен қорқытуға тырысуда.

Бірақ, олардың арам пиғылдары ешуақытта жүзеге асырылмайды. Соғыс — оларға ажал! Өйткені, бейбітшілікті жақтаушылар — көпшілік. Олар соғысқа қарсы. Қазір көп елдердің қарапайым адамдары қанаушылыққа, аштық-жалаңаштыққа қарсы азаттық алу үшін батыл күресуде. Оңтүстік Кореяда соғыс кезінде ата-анасынан айрылған 500 мың бала аштық пен қайыршылықтан азап шегуде. Алжирде әрбір жүз баланың 12-сі ғана мектепте оқиды. Бразилияда бес миллионнан астам балалар оқый алмай отыр. Ал, Чилиде 90 мың бала панасыз, үйсіз, қайыршылықпен күн өткізуде. Парагвай, Боливия, Мексика, Гватемала сыяқты Латин Америкасының басқа елдерінде де

Джанни Родари

Бала бар қанша әлемде?

Бала бар қанша әлемде?
Бала бар қанша әр елде.
Біреудің болып жарлығы
Бір сәтте күлсе барлығы.
Қалғыған жер мәңгілік
Тітірер еді жаңғырып.
Дүрлігіп аққан толқындай
Жарылар еді тау тұрмай.
Күміс пенен алтындар
Құйылар еді жаңбырдай.

Екпіні ғажап күлкінің
Копенгагеннен Туринге
Ленинградтан Берлинге
Сан-Францискіден Калеге
Жетер еді бар елге.
Қаланы, тауды, даланы
Қақ жарып күлкі ағады.

Құлпырар еді жер үсті
Гүлденер еді шөл дала.
Өсірер едік жемісті
Мұз басқан жерде, құмда да.
Сабалақ сеңсең тәрізді
Ойнар еді жалбыр бұлт нәкте
Өмірі қарттың ұзарып
Жар сапар еді жұрт көпке:

— Оқушы балғын балаға
Берейік теңіз, тауларды.
Қызық қой ойнау оларға
Қуалап шатқал, аңғарды.
Жасырынбақ ойнап орманда,
Алаңда қансын құштары.
Ұшырсын шексіз аспанда
Қағаздан жасап құстарды.
Орысшадан аударған

Т. МОЛДАҒАЛИЕВ.

жағдай осындай. Бұл азап өмір, ауыр тұрмысқа, әрине, ешкім де шыдай алмайды. Ол елдердің де қарапайым адамдары азаттық тілеуде, бейбітшілік үшін соғысқа қарсы үн көтеруде.

Сендердің туған Отаның — Совет Одағы бейбітшілік және демократия жолындағы күресте барлық елдерге өнеге. Мұндай елде өмір сүрген сендер — бақыттысыңдар, балалар! Коммунистік партия мен Совет үкметі балаларды ерекше қамқорлыққа бөлеуде. Біздегі бала туа Отан қамқорында. Ол нәресте күнінде яслиде, бақшада, өсе келе мектепте, интернатта тәрбиеленеді. Біздегі балалар яслилері мен бақшаларының, пионер үйлері мен сарайларының есебі бар ма? Тек қана республикамыздың өзінде 8761 бастауыш, жетіжылдық, орта мектеп бар. Оларда 1 миллион 172 мың 956 бала оқыйды.

Өткен жылы СССР Жоғарғы Советінің Президиумы жасөспірімдердің жұмыс күнін 6 сағатқа түсіру жөнінде арнаулы Указ жариялады. Бұл да елімізде балаға деген шексіз сүйіспеншілік пен қамқорлықтың айғағы.

Сендерге, дүние жүзі елдерінің балалары, өздерінің құрбы-достарың қызығады, жас достар! Олардың бәрі бірдей сендердей бақытты тұрмыста тұрмайды.

— Вьетнам пионерлерінің, — деді Вьетнам Демократиялық Республикасының Президенті Хо ши мин өткен жылы Совет Одағы пионерлеріне жазған хатында, — сендердей тамаша мектептері мен лагерлері, демалыс үйлері мен пионер сарайлары, т. б. жоқ. Бірақ бүкіл еліміз, партия мен үкметіміз таяу уақытта осы тамаша нәрселердің бәрі біздің де балаларымызда болуы үшін жанқиярлықпен еңбек етуде.

Міне, бұл үкмет билігі халықтың өз қолында отырған елдегі жағдай. Демократиялық елдердің көпшілігінде бірте-бірте балалардың қолы бақытты тұрмысқа жетуде. Ал, капиталистік елдердегі балалардың өмірі өмір емес, ажал мен азап, аштық пен қайыршылық.

Осыны естерінде ұстандар, балалар! Өздерінің бақытты өмір, шат тұрмыстарының алтын бесігі — Ұлы Отанды шын сүйіңдер!



ЕРБОЛ

ӘНГІМЕ



Әжесі Ерболды балалар бақшасына жібермек болып киіндіріп жатқанда, 5-класта оқыйтын ағасы Есбол кітап, қағаздарын сумкасына салып болып інісіне:

— Мен сені жеткізіп салайын, ана қысқа бұтыңмен сен мына қалың қарға малтығарсың, сүйтіп балалар бақшасына бүгін жете алмассың, — деді. Ер-

бол мейлің дегендей бас изеді.

Есбол інісін қол шанаға отырғызып, омбы қарға сүріне, қабына орта жолға жеткенде:

— Есбол, Есбол, тұра тұршы! — деді Ербол жұлып алғандай. Есбол тоқтай қалды.

— Ана бір күшікке қарашы, екі құлағы да шұнақ, құйрығы да шолақ. Онысы несі, құлақтары мен құйрығы өспей қалған ба? — деді, бұрын ауылда көрмеген бөтен күшікке таңдана қарап.

— Сен сол күшікке бола тоқтаттың ба мені? Онда тұрған не бар. Қабаған болсын деп әдейі құлақтары мен құйрығын шауып тастаған шығар, — деп Есбол шананы әрі қарай сүйреді.

— Құйрығы мен құлақтарын шапқанда, қандай ауырды екен, ә! Құйрығы ештеме емес, құлағынан айырылғаны жаман ғой. Енді ол естімейтін керең шығар? — деді Ербол шұнақ күшікке жаны ашып. Балалар бақшасына біраз жер қалғанда Ербол тағы да:

— Сен ол күшіктің фамилиясын білмей-

місің, Есбол? — деді. Есбол шаршаған болу керек, шананың шетіне отыра кетті.

— Сенің бүгін ұйқың қанбаған ба, иттің фамилиясы болушы ма еді? — деп інісінің бетіне ажырая қарады.

— Неге фамилиясы болмайды, болады. Біздің ауылдағы иттердің барлығының фамилиясы бар.

— Әй, сен иттің атын шатастырып отыр екенсің ғой. Иттің, малдың, құстың фамилиясы болмайды, аты ғана болады. Фамилия тек адамдарда ғана бар, түсінікті ме?

Ербол ешнәрсе айтпады, онысы түсінбегені еді.

— Бері қара, екеуіміздің әкеміздің аты біздің фамилиямыз, енді түсіндің бе?

— Сонда ол күшіктің әкесі жоқ па, ол жетім бе? — Соңғы сұрау Есболды әбден шатастырды. Ол Ерболға жан-жануардың фамилиясының болмайтынын қалай айтып түсіндіргенмен, Ербол түсінбеді.

— Жарайды, кешке үйге келген соң түсіндіремін, — деп інісін балалар бақшасына апарып, мектепке келсе, сабақ басталып кетіпті. Есікті ақырын қағып, аяғын әзер басып класқа кірді. Мұғалима сағатына қарап:

— Есбол, бұл қалай, сабаққа неге кешігіп келдің бүгін? — деген сұрауына ол:

— Мен жолшыбай інім Ерболға бір бөтен күшіктің фамилиясын түсіндіремін деп қалып қойдым, — деді. Оқушылар ду күлісті. Мұғалима Есболға:

— Отыр, кейін анықтаймыз, қазір сабақты тыңда, — деді. Сабаққа кешігіп келгені үшін мұғалиманың тым болмаса қабақ шытпауына түсінбей Есбол үнсіз барып партасына отырды.

* * *

Қыс өтіп, көктем шыққанына бірқатар уақыт болды. Күннің көзі қыза түскен сайын төңірек алуан түрлі көктем гүліне бөленіп көріктеніп кетті.

Ербол үйде отыруды қойды. Бақшадан күн батпай қайтатын ол енді жолдастарымен көше кезіп ойнап кететін болды. Кейінгі кезде балалармен бірге айлы түні ел орына отырғанға дейін үйге қайтпай ойнауды шығарды.

Бір күні Ербол Еркін, Қуатбек деген достарымен ойнап жүріп, ауыл сыртындағы жар-жыраға барды. Жыралардың кейбір тік қабақтарынан олар көптеген індерді көрді. Балалар бұл індерде қай жәндіктің мекендейтінін білмей, түрлі болжау айтып жүрді. Бұл шеше алмай жүрген жұмбақтары жө-

нінде олар балалар бақшасындағы тәрбиеші апайларынан сұрағанда:

— Онда тұрған ештеме жоқ. Ол кәдімгі көптеген кішкентай құстардың ұясы шығар, — дей салған. Бірақ, балалар үшін бұл ерекше жаңалық болды.

Үшеуі дереу ол індерді тексеріп шығуға бел байлады.

— Мүмкін, ол ұяда торғайдың балапандары бар шығар? Ұстап алып балалар бақшасындағы тірі жәндіктер мүйісіне апарып бермейміз бе? — деген Еркінге, Қуатбек:

— Құстар әлі балапан шығарған жоқ, мүмкін, жұмыртқаларының болуы. Ербол тұрып:

— Біз кешірек барсақ, ұйықтауға келген торғайдың өзін ұстап алмаймыз ба? — деді. Ақыры олар:

— Біз жұмыртқаларын да, торғайдың өзін де алып келіп клеткаға отырғызып қоямыз. Сонан кейін ол торғай тауық сыяқты балапандарын басып шығармай ма. — деп қуанысты. Ертесіне әрқайсысы қолына бір-бір таяқ ұстап жыраға келді. Бұл кезде ымырт жабылып қалған еді.

Жыраға келген бетте үшеуі көп індердің ішіндегі бір үлкенірегіне шұқшыйды. Батырсынып келгендерімен бір де-біреуі істі бірінші бастауға бата алмады. Үшеуінің ішіндегі ересегі Қуатбек еді. Ол:

— Ал, енді неден бастаймыз? — деді тұншыққан дауыспен. Ешкім үндемеді. Олар осылай бірер минут үнсіз тұрып қалды. Айналасындағы үңірейген кішкентай індер олардың көзіне қасқыр інінен кем көрінбеді.

Бір мезгіл қанатының қаққаны сезілмейтін кішкентай бір құс үшеуінің төбесінде біраз ұшып жүрді де, дереу жардың шетіндегі бір інге кіріп кетті. Балалар қорыққандарын ұмытып:

— Әне кірді, мен көріп қалдым.

— Мен де көрдім.

— Тез жетейік, — деп әлгі інге тұра жүгірісті. Бара салысымен үшеуі де таяқтарын іннің ішіне жүгіртіп, әрлі-берлі түртпектей бастады. Сәлден соң біреуі:

— Біз бүйтіп торғайды өлтіріп алмаймыз ба? — деп еді, екіншісі:

— Жұмыртқаларын да жарып алмадық па екен? — деді, үшеуі де таяқтарын суырып-суырып алысты.

— Енді не істейміз, ұяға қолымызды салсақ қайтеді, торғай тістемейді ғой. Ербол, сен баста. Торғайдың бұл ұяға кіргенін бірінші көрдім деген сен және сенің қолың да жіңішке, — деп Қуатбек пен Еркін Ербол-

ды ортаға алды. Амалдың жоқтығынан ол іннің ішіне қолын сұқты. Біраздан соң:

— Қолым түбіне жететін емес, — деді.

— Ендеше, пиджагіңнің жеңін сыбанып ал, — деп Қуатбек Ерболдың білегінен асыра жеңін түріп берді.

— Байқа, мытып жіберіп, торғайды өлтіріп алма, жұмыртқалары да жарылып қалмасын.

Ербол інге қолын батыл сұғып жіберді де:

— Қолым іннің түбіне жетті, алақай, таптым, ін жоғары бұрылып кетіпті. Ол торғай да бар екен. Өзінің жүні жоқ па, қалай, жалаңаш, сұп-суық көрінеді, — деді.

— Ендеше ол жүні өспеген балапаны ғой, тарт, бері тарт, — десті достары. Ербол тырмысып қалған жабыспақ, сүйкімсіз бір нәрсені суырып алды. Қараса, екі қанаты, екі құлағы бар, бауырының жүні жоқ, жарты денесі құсқа ұқсаған, жарты денесі тышқанға ұқсаған бірдеңе екен.

Үшеуі де жақын келіп, анықтап қарап еді, Еркіннің:

— Масқара, мынау торғай емес, жарғанат қой, — деуі мұң екен, жарғанат та ұша жөнелді, — енді өлдім-ау, — деп, баж еткен Ерболдың да ащы даусы бірге шықты.

Ол үйге жеткенше ойбайлап жылап келді. Екі досында да ес қалмады. Жарғанат оны шыныменен тістеп алған екен деп қорықты олар.

Есіктен кіре бере әжесін көрген Ербол:

— Мен қазір өлемін, әже, жарғанат, жар-

ғанат! — дегеннен басқа ешнәрсе айта алмай, еңіреген бойы оның мойнына асыла кетті.

Сасып қалған әжесі:

— Қарағым-ау, жоқ сұмдықты айтқаның не болғаның? Жаратқан-ай, жарғанатың не? Дұрыстап түсіндірші, бір нәрседен шошыдың ба? — деп Ерболды құшақтап дауыстап жылап жіберді.

Ербол өксігін әрең басып:

— Сіз, сіз жарғанаттың қанаты тиіп кетсе, адам өліп қалады деп едіңіз ғой.

— Құлыным-ау, оны мен кешке жақын сен далаға шықпасын деп әншейін қорқытпаққа айта салған едім. Ештеңе етпейді, қорықпа, өлем деген сұмдығыңды айтпашы, — деп жалынды.

— Сонда сіз өтірік айттыңыз ба?

— Өтірік айттым, өтірік, жарғанаттан өлген адам болған емес. Сенбе, сенбе сен оған.

— Жоқ, әже, сіз өтірік айтқан жоқсыз. Үлкен кісі өтірік айтпайды деп өзіңіз айтқансыз.

— Қарағым құлыным, Ербол-ай, өмірімде өтірік айтқаным сол ғана еді. Сенің оған бүйтіп сенеріңді білмедім ғой. Енді өтірік айтпаспын-ау.

Соншама жақсы көретін әжесінің де өтірік айтатынына таң қалған Ербол я сенерін, я сенбесін білмей қалың ойдың құшағында жатып үнсіз ұйықтап кетті.

А. Жақыпов.

Алматы облысы,
Нарынқол ауданы.

ҚҰР ҚАЛДЫ

Жан-жағына сиректеу шағыр өскен жалғыз аяқ жолмен екі бала келе жатты.

Көңілдерінде еш алаңы жоқ, қайдағы бір ғажайып ертегілер туралы таласып келеді. Кенет аяқ астынан бір нәрсе пыр ете түскенде, олар селк етіп қорқып кетті.

— Қорқақ, қорқақ! — деп бірін-бірі әжуалады, әлгі пыр ете қалған нәрсенің мекиен қырғауыл екенін көргеннен кейін.

Дәл осы кезде олар тағы бір оқыйғаға тап болды. Қырғауыл ұшқан жерде жұдырықтай-жұдырықтай жеті-сегіз балапан құлдырап қашып барады. Өздері тым әдемі. Әлі де қауырсыны қатып болмаған темір қанаттары жалп-жалп етеді. Мап-майда үлпілдеген жүндері жолақтанып көз тартады.

Балалардың қорқуы да, қуануы да тез болды. Екеуі де қырғауыл балапандарын қуа жөнелді. Балапандар жақын тұрған

қалың бұтаға жетіп үлгіргенше бірінші бала бір балапан ұстап алды да, екіншісі ештеңе де ұстай алмады.

Олжалы бала тым көңілді. Ұстаған балапанын аймалап үйге аман жеткізудің қамын да ойластырып жатыр. Құр қол бала жабырқау, ананың қолындағы үрейленіп шыйқ-шыйқ еткен балапанға сұқтана қарайды.

Олар жолға қайта түскеннен кейін олжалы бала жолдасына:

— Сен балапандардың әрқайсысына бір ұмтыла бергенше неге біреуін қуып ұстамадың? — деді.

— Мен бәрін де ұстап алғым келіп еді.

Балапанды бала сықылықтап күліп жіберді.

— О... ой, тойымсыз-ай! Сүйтіп бәрінен де құр қалдың, ә?

С. Боранбаев.



Жауап БЕСТІК

ӘҢГІМЕ

Сейіл төргі бөлменің есігін аша беріп тұрып қалды. Тап-тұйнақтай жыйналған, жарығы мол, кішіректеу бөлменің ортасына дөңгелек стол қойылған. Стол үстінде қалай болса солай жатқан кітап, дәптерлер. Кітапты ұйпалай екі қолын басына жастаған Қайыр ту сыртынан түскен көктем күнінің қызуына маужырап, ұйықтап отыр. Кішкене допты айнала қуып шапқылап жүрген тартыл мысықтың дүсіріне Қайыр мыңқ етер емес.

Сейіл аздан соң аяғын ұшынан басып бөлмеге енді. Ол демін ішінен еппен алып, қалтасындағы бақаны стол үстіне қоя салды да, Қайырдың сырт жағындағы пештің артына жасырынды. Ол анда-санда басын қылтыйтып, ешнәрседен хабары жоқ ұйқы құшағындағы Қайырға қарап қояды.

Өзінің шалшықты мекенінен айырылған бақа тосын ортаға таңырқағандай мөлдір көздерін жаудыратып, стол шетінде біраз қыймылсыз тұрып қалды.

Шыдамы таусылды ма, әлде стол жанындағы орындыққа мыяулап қарғып шыққан мысықтан сескенді ме, әйтеуір, бақа қағаздан қағазға секеңдей секіріп стол үстін шарлай бастады. Оны тышқан деп ойлап қалған мысық, бір ырғып столға шықты да, басын ішіне тыға бір уыс болып жыйырыла қалды. Бейтаныс мақұлықтың өзіне қатер туғызғанын көрген бақа жан сауғалап Қайырдың дәл иегінің астына жып бергенде, арқа жүні тікірейе атылған мысық та жалп етті. Сейілге керегі де осы еді. Шошыған Қайыр, орнынан атып тұрды. Шек-сілесі қатқан Сейіл пеш артынан шыға келіп:

— О, батыр-ақ екенсің! Өміріңде бақа көрмегендей, осынша тыжырынғаның не? — деді Қайырға.

— Сенің ойының-ай, — деді ол жымыя сөйлеп.

— Сабаққа сен ылғый осылай даярланамысың. Бүкіл құралдарды столға жайып, ұйықтағаныңа жол болсын?

— Кешегі үйге берген есепті шығара алмай таңертеңнен бері әурелендім. Басым мең-зең болып, қалай қалғып кеткенімді де білмеймін.

— Айтпақшы, ертең арифметикадан бақылау жұмысы болады ғой. Есепті шығарма саң да бетіне қарап ұйықтағаның сол екен-ау. Есепті шығару жолы түсіңе енген жоқ па? — деп Сейіл Қайырды қағытып қалды.

Қайыр осы соңғы күндері болмашы себептермен сабақтан көп қалып қойды. Басқа пәндерден өткенді бірсыдырғы қуып жеткенімен, есепке келгенде ол бөгеле берді. Өз бойына ұят санап, жолдастарынан да, оқытушыдан да көмек сұрамай жайбарақат жүре берді. Тек шешуші кезең таянғанда ғана, қайраңда қалған шабақтай, жағдайының ауыр екенін Қайыр енді түсініп отыр.

— Қайыр, — деді Сейіл досын қолынан ұстай алып, — сен ертеңгі болатын бақылауды ойлап жабырқап отырсың ба? — Қайыр төмен қараған күйі үнсіз:

— Ие, — деп самарқау жауап берді.

— Ту, бар қайғырып отырғаның сол болса, маған қара.

— Не демексің?

— Бақылау есебін шығарудың жолын таптым.

— Е, ол қалай, әлде сен бақылауға келетін есепті біліп алдың ба? — деп қасы керіле көздері жайнап орнынан ұшып тұра келген Қайыр Сейілге төне қалды.

— Жоқ мен есепті қайдан білемін. Айтайын дегенім басқа. Сейіл ынталандыра түсейін дегендей іркіліп қалды.

— Ол не, тез айтшы? — деп Қайыр, жымыя қараған Сейілді «болшы, болдың» астына алды.

— Тыңда,— деді Сейіл біреу-міреу есітіп қоймасын дегендей, жан-жағына ұрлана қарап,— егер сен бүрсігүні алтыншы кластықтардың өз арасында болатын футбол жарысында Толқындардан менің командама ауыссаң, бақылаудан ойнап өте шығасың. Сейілді түсінбеген Қайыр «бар айтарың осы ма еді» дегендей, жолдасына үнсіз қарап біраз кідірді де:

— Сеніңше, бақылау жұмысынан құтылу үшін тағы да сабаққа бармауым керек пе? — деді.

— Бұл неге тағы тұнжырай қалды десем, мені түсінбей тұр екенсің ғой әлі. Есептен жаман алмаудың амалын үйретейін, тек сен біздің командаға қосыласың ба? — Қайыр жауап бермей ойланып қалды...

Оқу жылының басында екі футбол командасы құрылған, сонда Қайыр өз еркімен



Толқын командасына кіріп, жаттығудың алғашқы күндерінен бастап ойынға қызу араласқан. Футболмен жай әуестеніп қоймай, ойынның әдістерін жете игеруге тырысқан Қайыр мектепте болған командалар арасындағы жарыстарда өзінің шеберлігімен көрушілерді талай сүйсіндірген. Қайырды ойландырған да, толғандырған да осы бір жайлар еді. Алайда, Қайырға «есептен екі алып, кері сүйрейсің» деген оқушылардың шанышқы сөздерін, ата-ананың ұрысқанын естуден гөрі, бір командадан екінші командаға ауысу қолайлырақ болып көрінді. Іштей осындай тоқтамға келген Қайыр «бұл не ойлап отыр екен» дегендей өзінен көз айырмай отырған Сейілге қарап:

— Сенің дегенің-ақ болсын, бақылау жұмысын орындаудың тәсілі қандай? — деді.

Қайырдың көнгеніне нанар-нанбасын білмеген Сейіл орнынан тез тұрып:

— Рас айтасың ба? Онда әкел қолыңды! — деп Қайырдың қолын ұстап алды да, әрбір сөзін нәштей сөйлеп кетті.

— Бақылау жұмысында келген есепті мен тез шығарамын да, қыпысын тауып саған жөнелтемін. Сен оны сол күйінде өз қағазыңа көшіріп алып, Гүлжан апайға тапсырасың да, тартып отырасың.

— Әй, достым-ай,— деді жүзіндегі үміт оты өше қалған Қайыр,— бақылау есебін шығарғанда бір орыннан тапжылмастан отырып алып, балаларды көзінен таса қылмайтын Гүлжан апайдан қулық асыра алмаспыз, ұстап алса, екеуміз де құрймыз.

— Гүлжан апай он жерден бақыласа да, шығарған есепті саған жансыз жіберемін.

— Қайтіп?

— Міне, мынаны көрдің бе, — деді Сейіл шалбарының қалтасынан алған екі басы да суырылмалы темір қаламды көрсетіп, — есеп жазған қағазды осының ішіне бүктеп тығамын. Ал, сен сол кезде жорта «қаламұшым сынып қалды» деп балалардан артық қалам сұрай баста. Сонда мен саған осы қаламды бере қоямын. Аржағын...

Сейілді аузы аңқыя тыңдаған Қайыр оның сөзін аяқтатпай:

— Мұндай ақылды тапқан өзің бе? Балалар сені тегін Алдаркөсе демейді екен ғой, — деді оған риза болып.

— Ақыры келістік қой.

— Ие.

— Олай болса жүр, спорт алаңына барайық, әне, балалар да жыйналып қалыпты. — Сейіл ашық терезеден сыртқа басын сұғып иегімен мектеп жақты нұсқады.

* * *

Класты даңғазалай гуїлдесіп отырған балалар есікті аша берген Гулжанды көріп жым болды. Класс ішінде шыбынның ызыңы естілердей тыныштық орнады. Гулжанның класқа жарқылдап көңілді кіргенін балалар да байқап қалды. Оқушылар кешегі бақылау жұмысының нәтижесін білуге құмартып, оқытушының қолындағы дәптерлерге үңілісті.

— Балалар,— деді Гулжан, ашық даусымен күлімсірей сәлемдескеннен кейін, кешегі бақылау есебін көпшілігің дұрыс шығарыпсың. Бір қуанарлық жаңалық, бұрын бақылаудан үштен жоғары баға алмай жүргендер де ешбір қате жібермеді.


Оқушыларды жағалай шолып өткен мұғалиманың өткір қара көздері ең соңғы қатардағы Қайырға түсті. Бет алдына күн сәулесі түсіп, мазалағандай Қайыр оқытушыдан жүзін тайдырып жіберді.

— Әсіресе,— деді Гулжан Қайырдың дәптерін ашып, балаларға көрсете,— есепті өте жақсы шығарғандардың бірі — Жарасов. Кереккөз дәптер бетінде қызыл сыямен батыйта жазылған «5» тұр. Шынында, бұрын мықтағанда «3» тен аса алмайтын Қайырдың кенеттен үздік алға шығуы таңқаларлық іс еді.

— Жарасов, сол есепті тақтаға шығаршы,— деген мұғалімнің дауысын естігенде, Қайырдың тұла бойы мұздап кетті. Көз алды тұманданып, екі беті от шарпығандай дуду етті. Ол енжар басып тақтаға беттеді.

— Бәрің де тыңдаңдар,— деп оқытушы бақылау мәселе есебін оқып шықты. Күдік пен хауіп салын суға кетірген Қайыр, есептің алғашқы амалын әрең шығарды да, тұрып қалды. Әрі қарай өзі шығарып кетер деп Гулжан есептің бірер жерін көрсеткенімен, от алмай қақалып сөне берген мотор сыяқты, Қайыр іркіле берді.

Мұғалімнің жүзіндегі жайдарылық көмескіленіп, қабағы кірбең тартты.



— Жарасов, кешегі шығарған есебіңді жаңа көргендей болып тұрғаныңның себебі не? — Қайыр жауапты еденнен іздегендей, басын төмен салбыратып, үнсіз қалды.

Бір сәтке тына қалған бөлме ішінен қолын көтеріп, Толқын:

— Гулжан Дүйсенбековна, Жарасов бақылау есебін Есеналиннен түп-түгел көшіріп алды, — деп бір қағазды ұсынды. Қағазда былай делінген екен:

«Қайыр, төмендегі есептерді тез жазып ал да, қағазды жітір, ұсталып қалсаң апай төбемізді ояды».

Сейілдің жазуын көрген мұғалима үнсіз Қайыр мен Сейілге оқты көзімен қадала екі рет қарады да, дәптердегі бесті белуарынан бір сызды.

М. Хасенов.

ҚАРАТОРҒАЙ

Алма ағаштың басынан
Көріп қараторғайды.
Інім менің Асылқан
«Ұшырам!» — деп болмайды.

Апам айтты сол кезде:
«Ұшырма сен торғайды —
Зыянкестен ол өзге
Жемісінді қорғайды»

Бұтаққа ұя іліпті,
Орын тауып ыңғайлы.
Ертеңіне күліп тұр,
Өңгіме ғып сол жайды:

«Үй жасадым мен жаңа,
Торғайыма оңтайлы.
Алмамызға енді, аға,
Қаршыға да қонбайды».

А. АСЫЛБЕКОВ.



ӘҢГІМЕ

Ерболдың әкесі бүгін жұмысқа бармай, ертеңгі тамақты бірге ішкен. Ойласа, демалыс екен. Апасы магазин аралау үшін жыйнала бастады. Демалыс күні онда ойыншық көп болатынын ол анада көрген.

«Е, апамнан қалмайын, магазинге барған соң ойыншық алып бер десем, алып бере салады» — деп ойлап:

— Апа, мен де барайын, — деді.

— Бармай-ақ қой. Қанешпен бірге үйде отыр. Ойыншықты өзім әкеп берем, келген соң қыдырамыз, — деді апасы.

— Жоқ, менің қыдырғым келмейді. Және сен ұмытшақсың, ойыншық әкелмейсің, — деді.

— Адасып кетерсің.

— Жоқ, адаспаймын, мен Мұса емеспін ғой адасып кететін.

Атының алдыңғы аяғын сындырып қоятын Мұса деген бала көшеге шығып адасып кет-

Адасып

кен. Содан бері ауладағы барлық балалардың апалары «адасып кетесің, үйде отыр» деп балаларын сыртқа шығармайтын.

Ербол болмаған соң апасы ертіп шықты. «Бүгін бар кісілердің әкем сыяқты жұмыс істемейтін болғаны-ау» — деп ойлады Ербол. Көше толы олай-бұлай жүріп жатқан адамдар. Өзі сыяқты апалары зорға ертіп шыққан балалар да бар екен.

Жүріп келеді. Үлкен магазинге жақындады. Маңдайында қызыл, көк, тағы сондай шамдар жарқырап тұр. Ең жоғарыға ілінген қызыл тулар да желбіреп қояды. Әсем-ақ. Аралап келеді. Ол өте көңілді. Апасының ұстап келе жатқан қолынан ойнап сілкілеп қояды, кейде алға озыңқырап кетеді. Апасы:

— Кісілерге соқтығып қалма, алысқа ұзма, — деп ескертеді.

Бір мүйістен өте бере тағы үлкен магазин кездесті. Іші толы ойыншық екен. Нағыз Ерболдың іздеген магазині. Көзіне дүрбі ұстап тұрған капитаны бар кеме қандай жақсы. Есік алдындағы арыққа жүзгіссе тамаша болар еді. Әне жүк тасыйтын машина тұр. Бұрап-бұрап қалсаң, жүйткі жөнеледі. Ол да жақсы. Суға қарғығалы тұрғандай, оңтайланып бір төмен, бір жоғары секірген адам ойыншық тұр. Қызығып кетті. Әлгі адам жылдам-жылдам қарғыйды кеп. Бүйірінен қысып қалса, ысқырып жібереді. Судан тағы қарғыйды. Көйлегі де жолақ — теңізшінің көйлегі. Өзі мәз боп күліп тұр.

Әдемі ойыншықтар көп-ақ. «Әттең апам бәрін әпере бермейді ғой. Мейлі, ең болмаса кеме мен ысқыратын адамды алып берсе болғаны. Жоқ, бәрінен машина артық. Аулада зырылдатып жүргізсең, Сатан мен Мұса қалай қызығар еді» — деп ойлады Ербол. Барлық зейіні ойыншықта, сан рет жағалай жүріп қарап шықты. Итке айбат шегіп дүрдиіп тұрған мысықты көргенде, танауын тыржыйтып мазақтады да, күліп жіберді. «Ту, мұндай да ойыншық көп болады екен-ау!»

— Апа, маған ең болмаса кеме мен адамды алып берші, — деді ол.

Апасы жауап қатпады. Ол қолынан тартпақ болып жанына қараса, ешкім жоқ. Жүгі-

ріп анадай жерде тұрған бір кісіге барса, киімі ұқсас біреу екен. Жеңінен ұстай алып еді, ұялып қалды. Жүгіре жөнелді. Апам болар деп екі-үш кісіге жетті, бірақ бәрі басқа. Байқамай озып кеткен шығармын деп кері жүрді. Көшіп кеткендей жаңағы магазин де жоқ орнында.

Ербол енді ойыншықты ұмытып, апасын, әкесін іздеді. «Бағана неге үйде қалмадым екен. Қанешке қу түлкінің қасқырды қалай алдағанын оқытып тыңдағанымда ғой. — Білесің ғой, қайта-қайта несіне оқый беремін, — десе де, кейін оқып берер еді. Апам көшеге ертпегенге жақсы көрмейтін болар десем, адасатынымды біледі екен ғой. Қазір тапсам енді үйден шықпаспын. Қанешті ертіп қыдырып кетпесе не қылсын», — деп ойлады Ербол.

Күн ыстық. Көшеде кісілер көп-ақ. Топ-топ болып ағылып жатыр. Ерболға көп уақыт өткендей. Апасын сағына бастады. Көзіне жас та келді. Ананың қасында болу қандай жақсы. Бағана қолынан ұстап жүргенде адаспас па еді. Ескертсе де болмай бөлек кетіп, міне енді...

Ол әдемі ақ тоқаштар қойылған терезенің алдына келгенде тамақ жегісі келгендей болды. Өнебір бетінде тәттісі бар кішкентайын жер ме еді.

Осы кезде біреу сыртынан қарай қалды. Бұрылып қараса, бойы өзінен үлкен милиционер екен. Милиционер тентек балаларды алып кетеді деп апасының айтқаны есіне түсіп қорқа қалды. «Қандай тентектік жасадым» деп ойлады.

— Не істеп жүрсің, балақай? —



деді милиционер күлімсірей, қолын маңдайына апарып.

— Әшейін.

— Атың кім?

— Ербол.

— Ербол, жақсы есім екен. Менің атым Мұрат, таныс болайық, — деп күлді. Ербол мақұлдап басын изеді.

Содан кейін Мұрат ағай:

— Апаң қайда? — деді.

— Мана базарға келген, содан...

Оның апасы есіне түсіп, қарны ашты ма, әйтеуір, Мұрат ағайдың иығына басын сүйеп ақырын ғана өксіп жылап қоя берді. Бірақ тамақ жегісі келмейді, тек апасын тапса еді. Бәрінен апасына не жетсін. Мұрат ағай көтеріп алып шашынан сыйпады:

— Қой, жылама, үлкен жігіт те жылай ма екен. Қазір апаңды тауып аламыз, — деп жұбатты.

Кенет оның атын атап шақырған дауыс естілді. Нақ апасының дауысы. Ербол басын көтеріп алып жалт қарады. «Апа» дейін деп еді, дауысы шықпай қойды. Сүйтсе жан-жағына кезек қараған апасы көшедегілердің бәрінен озып асығып келеді екен.

— Апа!

Жыламайын десе де болмай, тағы жылады. Жұдырығының сыртымен көзін сүртіп, мұрнын таза лап қояды. Бірақ оған мұрын да, көз де көнер емес.

Апасы оны көтеріп алып, аймалап сүйіп жатыр.

Өзін апасы жақсы көрмейді дегені бекер екен.

Д. Сапаров.

БҰЛБҰЛ МЕН ЕСЕК

Мысал

Ну орманнан шыққанда нәзік тембр,
Күллі аң таңырқасып деді:

— кім бұл!

Есектің құлағына қонып алып
Құйқылжыта ән салған екен бұлбұл.
Ән сырын терең ұғып сезе білген,
Келіпті ақ қоян да көжегімен.
Шығарды тұмсықтарын балықтар да
Таулардың толқымалы өзенінен.
Осы бір сұлу әнді жаны сүйіп
Тыңдады аю, түйе, піл де ұйып.
— Бис!

— Бис! деп сартылдатты тұяқтарын
Отырған бөренеде шошқа, киік.
Арыстан адырайып түйіледі,

Қутыңдап қызыл түлкі сүйінеді.
Мәз болып ду-ду еткен қошеметке
Көк есек деміл-деміл иіледі.
Сартылы шапалақтың басылғанда,
Көк есек тұта қалды басын алға,
Міне қызық!..

Бір де аң жоқ маңайында,
Енді кімге мақтанып, тасынарға!
— Қайда жоқ боп кетті! — деп мына

думан,

Дел-сал боп есек сорлы құр аңырған.
Мәселе түсінікті!..

Әнші бұлбұл

Ұшып кеткен екен ғой құлағынан.

Т. БЕРДИЯРОВ.



Михаил Фрунзенің жастық шағы

Республикамыздың астанасы Алматының бұрынғы бейнесі жұрт қызығарлық емес еді. Ескі Алматының не зәулім, сәнді үйлері, не қазіргідей асфальтты, кең көшелері, не ағылып жатқан трамвай, троллейбустары жоқ болатын. Қаланың басқа жерлермен темір жол байланысы да жоқ еді. Мұнда келушілер атпен немесе жаяулап-жалпылап, жол бейнетін көріп, ұзақ жүріп азаптанып жететін. Жалғыз қабат аласа үйлердің терезесінен кеш болса керосин шамы ғана жылтырайтын. Осы ескі Алматы бұрын Верный қаласы деп аталатын.

Осыдан алпыс жыл бұрын, Верныйдан Піспек қаласына (бұл қазір Қырғызстанның астанасы Фрунзе) баратын жолмен кәдімгі жай арбаның үстінде мығым денелі бір бала кетіп бара жатты. Бұл Піспек қаласындағы фельдшердің кенже ұлы Миша еді.

Фельдшер Фрунзені Піспектегі және оның айналасындағы ауыл-селолардағы жарлы-жақыбайлар жақсы көретін. Ол өте әділ және кішіпейіл адам еді. Піспектегі Судейская көшесі мен Васильевская көшесінің түй-

іскен бұрышында фельдшердің аурулар қабылдайтын үйі болатын. Ал, соның ауласында, ұзынша жер үйде оның семьясы тұратын. Оның семьясы үлкен еді. Қостя, Миша деген екі ұлы, Лидия, Клавдия және Людмила деген үш қызы болатын. Василий Михайлович Фрунзе өзінің балаларын барынша мәдениетті оқыған адам қылып тәрбиелеуді арман етті. Оларды кітапты жанындай сүйеге баулыды. Осының арқасында Миша бес жасында кітап оқып алатын болды.

Василий Михайлович өзінің қалтасындағы соңғы бар қаражатын салса да, алдымен балаларын оқуға жіберді. Верный қаласындағы гимназияға оқуға әуелі Қостя аттанды, артынан екі жылдан соң оған Миша да жөнелді. Ол кезде кішкентай Піспекпен салыстырғанда Верный оған үп-үлкен қала боп көрінуі де мүмкін. Қаланың нақ орта тұсында, Александров скверінің қарсы алдында ер балалар гимназиясының бір қатарлы үйі тұратын. Бұл үй Алматыда осы уақытқа дейін бар. Гимназияның ескі үйі қазіргі Совет көшесінің бойындағы С. М. Киров атындағы қазақтың мемлекеттік университетінің ауласында тұрады. Қазір оның үстінен екінші қабат үй салынған.

Миша оқушылық өмірмен байланысты, ауыр, қыйыншылық тұрмысты да басынан кешірді. Ол оқып жүрген кезде, көп ұзамай оның әкесі қайтыс болды. Миша қаражаттан қыйыншылық көрді. Оқу ақысын төлемегені үшін балаларын шығарып тастамауды өтініп, анасы сан рет гимназия басшыларына жалынды. Бір жолы Мишаны гимназиядан тіпті шығарып та жіберді. Анасы Піспектен өзіндегі бар соңғы қаражатты жіберген соң ғана оны гимназияға қайта алды.

Міне, осындай тұрмыс ауыртпалығын көрсе де, Миша гимназиядағы байлардың балаларынан анағұрлым үздік оқыды. Ол әрі көңілді, сауықшыл бала болды. Аңшылықпен әуестенді, серуендеп гербарийлер де жыйнады, музыканы да жанындай сүйіп, гимназиядағы хорға қатысып, ән де салды. Әсіресе, сабақты өте жақсы оқыды.

Оқытушылар, әсіресе, оның тарих пәні мен шетел тілдеріне қабілеттілігі барын байқады. Сондықтан да, осы кезде француз тілінің мұғалімі гимназист Фрунземен тату дос болды. Ал, бұл жай мұғалім емес еді. Ол бір кезде Франциядан қашып келген, Париж коммунасына қатысқан адам болды. Оның бұл сырын гимназистер өздері ғана біліп, сыртқа жаймайтын.

Омар Шипин

ЖАНГЕЛДИН

ПОЭМА



Халық ақыны-Омар Шипин Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты 40 жылдығына арнап қазақ революционері Әліби Жангелдин өмірінен көлемді поэма жазды. Біз сол поэмадан үзінді жариялап отырмыз.

Ертеден елге аян Қазан қала,
Жататын көптен бері маңғаздана.
Жүр оның көшесінде оқу іздеп,
Торғайдан кеше келген жалғыз бала.
Таусылып қаражаты ашып-арып,
Қолына қуатсыздан таяқ алып,
Қыйсайып қыңырайған аласа үйге,
Жас Әли жарды сүзе кірді барып.
Әуелі не дерін ол біле алмады,
Жүрегі шерге толды, қуанбады.
Қақпада үнсіз-тіпсіз қалды қатып,
Сол үйдің иесінен сыр алғалы.
Жарлылық қайда барса қалыспады,
Жарлылық қайыршы боп тал ұстады.
Жарлылық қайда барса етек тартып,
Еңсені таудай қонып жаныштады.
Кісі екен үй иесі бір қарт орыс,
Ертеден бұл қаланы қылған қоныс,
Баланы ертіп кірді лашыққа,
Сыр алғы адамдай-ақ көптен таныс.
Әлиді сол орыс шал асырады,
Жас өмір гүлдей берді, жасымады.
Жас жігер жарқылдаған, тартынбаған
Ертеңге, жақсы күнге асығады.
Әлиді қала байы жұмысқа алды,
Еңсесін алғыр бала тік ұстады.
Ойлады орыс шалын — қамқоршысын,
Қырдағы әкімдермен ұғыспады.
Купецтер көп жұмысты баспалатты,
Әлиге өмір жүгін жастан артты,
Жас өндірі тартынбады, аянбады,



Аз күнде азын-аулақ ақша тапты.
Еске алса өзі кешкен жарлылықты,
Орыстың биіктігін жаны ұқты,
Солардың көмегінің арқасында,
Ол талай тақсыретті алып жықты.
Келсе де Торғайдың шет даласынан,
Көрді ол орыс шалын жаны ашыған.
Адаспай ағайынын алды тауып,
Қазанның алыс жатқан қаласынан.
Сол үйде жата берді, жата берді,
Оқы деп орыс шалы бата берді.
Арттағы ағайындар бұза алмады,
Оқуға денін қойған қатал ерді.
Ақыры оқуға ол келіп түсті,
Ақылы айдай болып көгіне ұшты.
Әуелде меңгеру де болды қыйын,
Бой жетіп көз көрмейтін көріністі.
Қағылып қалғаннан соң қолда тыйын,
Дегенмен оқу оған болды қыйын.
Еш жанға білдірмеді, сыр бермеді,
Қазанда қаңғырып ол жүрген күйін.
Кетпейді ел сағынып көзінен жас,
Бір жағы оқу қыйын, тамақтан да аш,
Іңірде отын бұтап жатқанында,
Жанынан жайлап басып өтті бір мас.
Былғаңдап Әлиді мас өтті соғып,
Түрі бар қалжыраған қалғаш тоңып,
— Жас қазақ, жалбарынам, — деді сол
мас, —

Кетсейші біздің үйге бір күн қонып.
Деді Әли: — төбелессең шықшы, дербес,
Бұл жерде болмас мүмкін бойым теңдес.
Кім біліп сүйегімді, кім алады?
Жіберсең жер астына барса келмес.
Ол айтты: — Қазақ бала, олай деме,
Мен өлмей сен өлем деп қайғы жеме.
Жас бала жаным ашып іздеп келдім.
Қызығып өлтіремін сенің неңе?
Хауіпті серпіп тастап албырт жастық.
Бұл маған істейді деп неге қастық?
Тәуекел ежелгі сөз ел қорғаны,
Ер бала қынай белін буды тас қып.
Ақыры мас үйіне болды қонақ,
Балаға қамсыз болды төсек, тамақ,

Мас емес, жансыз келген орыс екен,
«Жас бала жаңа оқудан ал» — деп сабақ.
Бала айтты: — жаңа оқуың қандай ғылым,
Боямай білдіріңіз ашып сырын!

Ол айтты: — жүре-жүре түсінерсің,
Тетігі тоқсан сөздің жалғыз түйін.
Орыстың елден озық ғылымы бар,
Білген жан дүние сырын бұрын ұғар,
Орыстың өрен жүйрік көп ұлы бар,
Олардың кеудесінде күн нұры бар.
Орыстың теңдесі жоқ ғалымдары
Кеудеде жанып жатқан жалындары,
Естіп пе ең Чернышевский деген атты,
Дәл сондай толып жатқан бар ұлдары.—

Тағы айтты: — біз құпия сыры қыйын,
Өмірдің төңкереміз тұңғыйығын,
Маркстің ұлы ілімін үйрететін
Астыртын бұл қалада құрылды ұйым.
Ол ілім ашады өмір жаңалығын
Білдіріп дүниенің даналығын.
Езілген ер еңбекші түсінеді,
Алдағы ататұғын таң анығын.


Жас бала оның сөзін ішке түйіп,
Сырына сол ілімнің қалды ұйып.
— Ағатай, айтқаныңа көндім,— деді,—
Шығардың бұл ойыңмен шыңға биік.
Маркстің тең келер жоқ ақылына,
Сол сенің әкең, шешең, жақының да,
Езілген елдің табын қолға ұстаған.
Ұқсайды ол бұл ғаламның батырына.
Ленин жүр Маркстің туын ұстап,
Онымен жұрттың бәрі ұғыныспақ.
Қазағым, содан бақыт сен табасың.
Келеді ол шұғылалы күнді нұсқап.
Олардың көп қой тіпті көргендері,
Осы ғой бізге қолын берген жері,
Солардың ақылымен бақыт таппақ,
Ұйысса тізе қосып ел ерлері.—
Әли де тәуекелге белін бұды,
Оқудан жандарм да оны құды.
Сескенбей қыйындықтан алда тұрған.
Жас жігіт етігімен кешті суды.
Өлімнің дар ағашы құрылды бір,
Қалықтап көтерілді азалы жыр,
Қырылып жас қыршындар құрбан болды,
Атақты 1905 жыл.

Ол жылдар халық үшін түсті сорға,
Талайлар қалып қойды жарты жолда,
Барды ғой патшаға ертіп, қалың жұртты,
Алдамшы анттан безген Гапон молда.
Барды ғой сонда елжіреп ел жүрегі,
Қанды жас көзден ағып мөлдіреді,
Арызын айта барған қалың жұртқа,
Патшаның атылды ғой зеңбірегі.

Бұл жолда қырық күн қырғын, мың күн
сүргін
Иықта жатты жүгі талай жылдың.



Сол күн бір ескерткіші сықылданып,
Қағазда қалды ізі езгі жырдың,
Ол кезде күн шықты ма, таң атты ма!
Ол кезде жұрт жарлыны жаратты ма!
Әлиді айдап барып салмақ болды,
Ауызы темір құлып абақтыға.
Қазаннан қараңғыда Әли шығып,
Белдерден бөденедей өтті бұғып,
Аңсады еркіндікті, еңіреді,
Жігерін жасытпады отты үміт.
Таптады етігімен талай жерді,
Жаутаңдап жан-жағына қарай берді.
Қазан мен екі арасы екі айлық жер,
Ақыры Москваға жаяу келді.
Москва! Көк күмбезді қала екенсің,
Адамзат өмірінде дана екенсің,
Алыстан аңсап келген кедей ұлын
Сен де бір паналатар ана екенсің.
Жарлы өмір, жастық өмір уанғанмен,
Москва көркін көріп қуанғанмен,
Сол кезгі патшалықтың жендеттері
Әлиге болып кетті тұманмен тең.
Орыстан тағы да Әли туыс тапты,
Еңбекші ел ерлік туын тік ұстапты.
Көрсен де қызыл қанды көшеде аққан
Көңілі жарлылардың суыспапты.
Орыстың ойлап тұрса жаны терең,
Сырласар сорлылардың бәріменен,
Сол кезде жас Әлиді сақтап қалған
Орысты адамзаттың ары дер ем.



ШОҚАН КІМ БОЛҒАН?

* * *

Кішкене сары қыздың күнде көріп жүрген өз мектебінің маңдайшасына тесіле қарай қалуы өзгелердің назарын аударды.

— Жаңа көрдің бе? Неге сонша қадалдың? — деп сұрады достары. Бұған жауап берудің орнына, оларға Галяның өзі сұрақ берді.

— Жолдастар, біздің мектеп қалай аталады, кәне кім біледі?

Отряд советінің мәжілісіне класс жетекшісі Роза Никоноровна Баличева, аға пионер вожатыйы Роза Афанасьевна Шикова мен звено вожатыйлары түгел шақырылды. Сөз осы мәжілісте қаралатын мәселенің күн тәртібіне қойылуына себеп болған отряд советінің мүшесі Галя Бабишке берілді.

— Біз осы мектепте жетінші жыл оқый-



— Со да сөз боп па? — деп достары ду күлді. — «Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектеп» — деп аталатынын өзің әлі күнге білмейсің бе? — десті олар жапа-тармағай.

— Дұрыс. Оны мен де білем.

— Енді нені білмейсің?

Бұл сұраққа Галя:

— Ал, Шоқан Уәлиханов кім болған? — деп қайта сұрақпен жауап берді.

— Шо... Шо... ол кісі...

Балалар күліп жіберді.

— Ех, күлеміз, бірақ өзімізге өзіміз күліп тұрғанымызды білмейміз, — деді Галя. — Мұнымыз ұят, өте ұят. Папамның маған бүгінгі ойда жоқта берген осы сұрағына мен де қатты қысылдым.

Галяның мына сөзі кластас достарының көпшілігін ойландырды.

мыз, — деді ол салмақпен, — міне, быйыл мектебіміз тұңғыш рет өзінің оныншы класс оқушыларын өмір жолына шығарып салғалы отыр. Демек, мектебіміздің құрылғанына быйыл он жыл толады. Өзгені білмеймін, мен өзім осы уақытқа дейін Шоқан Уәлихановтың кім екенін білмегеніме қатты ұяламын. Шоқанның қазақ халқының алғашқы ғалымы болғандығынан басқа өзге балалар да ештеме біле алмады. Менің ұсынысым...

Галя Бабиш көктемде папасының ойда жоқта қойған сұрағына дұрыс та толық жауап берудің жолдарын талай рет іздестіріп көрген еді. Ол үшін Галя мектеп мұғалімдерімен де әңгімелесті, кітапханашы апаймен де ақылдасты. Алғашқыдағыдай емес, Шоқан жөнінде біраз хабардар да бо-

лып қалды өзі. Дегенмен әлі жеткіліксіз. Әлі де қарастыру керек.

Осы ойларын Галя отряд советінің алдына жайып салды. Галяның бұл ойына өзгелер де пікірлерін қосты. Сөйтіп отряд советі мынадай қаулы алды:

1. Шоқан Уәлиханов туралы материалдарды үнемі жыйнау.

2. Жыл сайын Шоқан Уәлихановтың туған күні мектепте аталып өтіп, ғалымның өмірі, қызметі туралы табылған жана деректер дружина пионерлерінің алдында хабарланып отырылуы.

3. Бұл жолдағы алғашқы шаралар ретінде:

а) Алматыға, жазушы Сәбит Мұқановқа хат жазу.

б) Осы Талдықорған облысындағы 28 Гвардияшылар ауданындағы Шоқан Уәлихановтың ескерткішін қамқорлыққа алған Шоқан Уәлиханов атындағы мектеппен хабарласу.

4. Жазғы каникулда отряд пионерлері екі топқа бөлініп, бірі — сол Шоқан ескерткішіне, екінші топ Шоқанның Талдықорған облысы бойынша жасаған саяхатының ізімен жорық ұйымдастыру, ғалымның жүріп өткен жолында үлкендермен кездесу жасап, материалдар жыйнастыру.

5. Дружина советінен жана оқу жылына дейін жас суретшілердің Шоқан Уәлихановтың үлкен портретін жасау жөнінде конкурс ұйымдастыруды сұрау. Сонымен бірге өз мектебінің осындай тарихын зерттеуде дружинаның басқа пионерлерінің де назарын аудару...

Жақсы ұсыныс өз қолдаушыларын тапты. Көктемде от алған «Шоқан кім болған?» — деген ой оқу жылының аяғына дейін қанатын кең жайып, бүкіл дружина пионерлерін баурап болған еді.

Міне, ұсыныс авторлары — жетінші кластықтар Галя Бабиц, Виктор Белошев. Дружина советінің председателі Лариса Дьяконова үлкен стол үстіндегі маршрут — картаға айнала төніп тұр.

— 15 күн, — дейді Виктор күлімсірей, — Бұл уақыттың ішінде талай жерді көріп, талай тарихты жыйнап келмейміз бе? Тек мына жолда Галялар осалдық көрсетіп, болдырып қалып жүрмесе?

— Е, Виктор, сен өзіңе мықты болсаң болар, әнеугүні Текеліге жасаған алғашқы

жаттығу сапарында жұрттан бұрын шөлдеп қалып бұлаққа жүгірген кім еді? Ал, мынау ол жолғыдай салқын көктем де емес, жаз ғой. Байқа.

Галяның сөзіне Виктор үндеместен, енді өзінің жол жабдықтарын реттей берді. Осы кезде пионер бөлмесіне біртіндеп өзге отрядтың да жорыққа шығатын пионерлері жыйнала бастаған еді.

Бәрінің де жүзінде өзгеше бір қуаныштың сезімі байқалады. Әркім өз жол жабдықтарын, рюкзактарын, кружка, ине-жіптеріне дейін қайта бір тексеріп алып, салып жатыр. Міне, жорық жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Иван Никонорович Шаталов келгенде Шоқан Уәлихановтың Талдықорған облысында жасаған саяхатының ізімен жорыққа шыққалы тұрған 25 бала жүруге түгел әзір тұрды.

Жетекші — ұстаз сапта тұрған балаларды тағы бір рет айналып өтіп, көзбен шолып өтті де, жорық мақсаты жөнінде қайталап еске салды.

— Ерігу жорығы емес бұл, — деді Иван Никонорович. Бұл — үлкен жауапты жорық. Біз осы жорықтан қайтқанда «Шоқан Уәлиханов кім болған?» — деген сұраққа әрқайсымыз өзімізше жауап бере алатын болуымыз керек... Сондықтан, жорық кезіндегі төзімталдық, байқағыштық сыяқты белгілі жайлардан басқа, әрқайсымыз үлкен бір экспедицияның мүшесі ретінде сезінуіміз керек...

Шілденің күні әлі көтеріліп үлгере қойған жоқ-ты. Талдықорған қаласының Калинин көшесінің бойымен «Жас саяхатшылар жырын» шырқаған бір топ ұландар кетіп барады. Олардың сыртқы кейіптерінің өзі үлкен бір сырды шерткендей. Арқаларында буылып түйілген рюкзактары мен палаткалары оларға ауыртпалық келтірмейтін сыяқты. Аяқтарын шыйрақ басқан ұландарға ұзақ қарап қалған олардың ата-аналары да, мектеп мұғалімдері де жорықшыларды аса бір жауапты іске шығарып салғандай, жорықшылар көзден таса болған соң барып тарасты.

Алғашқы қызықты жорық осылай басталды. Сапарларың сәтті болсын, жас достар!

Қ. Ыдырысов.

Талдықорған қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектеп.

Л. ТОЛСТОЙ.

ӨРІКТІҢ СҮЙЕГІ

ӘНГІМЕЛЕР

Шешесі балаларына түстіктің артынан бермек боп қараөрік сатып әкелді. Ол қараөріктерді тарелкаға салып стол үстіне қойды. Ваня ғұмырында қараөрік жеп көрмеген, сол үшін оларды қайта-қайта иіскеледі. Өрікке тамаша қызығып, оны жегісі келді де тұрды. Ол айналсоқтап қараөріктен кете алмай қойды. Бөлмеде ешкімсіз бір өзі оңаша қалғанда, ол шыдап тұра алмай, бір өрікті жып еткізіп алды да, жеп қойды. Түстіктің алдында шешесі қараөріктерді санап, бірінің жоғын көрді. Ол мұны әкеге айтты.

Түстік ішуге отырғанда әке былай деп салды: «балалар, осы, бірің бір өрікті жеп қойған жоқсындар ма?»

Бәрі жамырай: «жоқ» деді. Ваня, құдды шаяндай қып-қызыл боп кетіп, о да: «жоқ, мен жемедім» — деді.

Сонда әке: «оны сендердің біреуіңнің жеп қойғандарың жақсы да емес, бірақ, бәле онда емес. Бәле өріктің ішінде сүйек бар, егер кім де кім оны жей білмей, сүйегімен жұтып қойса, ол бір күннен кейін өледі. Мен осыдан қорқамын» — деді.



Ваня құп-қу боп кетті де: «Жоқ, мен сүйегін терезеден шығарып тастағанмын» — деді.

Отырғандардың бәрі ду күліп жібергенде, Ваня жылап та жіберді.

ЖАЙЫН

Біздің кемеміз Африка жағасында якорьде тұрды. Күн тамаша боп теңізден самал есіп тұр еді, бірақ кешке қарай әуе райының бұзылып-ақ кеткені: тымырық болып нақ пештен шыққан жалындай, құлазыған Сахарадан ыстық жел көтерілді.

Күн ұясына қонып бара жатқанда капитан палубаға шығып: «шомылайық!» — деп дауыстасымен, іле сол минутында-ақ матростар суға секіре-секіре түсісіп, желкенді суға жазып бекітті де, соның ішіне шопырласып шомыла бастады.

Кемеде бізбен бірге екі бала болатын-ды. Бұл балалар суға бірінші боп секірсе де, желкеннің іші өздеріне тар болған соң, олар теңіз айдынында жарысып жүзбек болды.

Бұл екеуі, бар күшімен кесерткеше сылаңдай, якорь тасталған жердегі кеспекке қарай тарта жөнелді.

Баланың біреуі алғашында жолдасынан озып шықса да, кейіннен қала бастады. Сол баланың әкесі, мосқал артиллерист, палубада тұрып баласына сүйсінумен болды. Баласының қала бастағанын көріп әкесі оған:

— Қалыспа! Ұмтыл барынша! — деп дауыстады.

Палубада кенеттен біреу: «Жайын!» деп айқайлағанда, тұрғандардың бәрі судың ішінен теңіз кереметінің жонын көріп қалды.

Жайын тура балаларға қарай жүзіп барады.

— Қайт! Қайт! Кері қайтындар! Жайын! — деп айқайлады артиллерист.

Бірақ балалар оның айқайын есітпеді, бұрынғыдан да қаттырақ, көңілдірек даурыға алға, күліскен беттерімен онан әрі, жүзіп кете берді.

Аппақ шүберектей қуарған артиллерист қатқан күйі балалардан көз алмай тұр.

Матростар жалма-жан қайықты суға түсіріп ішіне отырыса қалды да, ескекті көсілте геп, бар күшімен балаларға тартты, бірақ қайда, жайын балаларға жыйырма-ақ қадамдай қалғанда, бұлар әлдеқайда алыста еді.

Балалар әуелде өздеріне айқайлаған дауысты есітпеді және жайынды да көрген жоқ, кейіннен оның біреуі артына жалт қарағанда, біздің бәрімізге шыр еткен ащы дауыс естілді де, балалардың екеуі екі жаққа қаша жөнелді.

Шыр еткен дауыс қалта қарап қалған артиллеристі селк еткізіп оятқандай болды. Ол орнынан зеңбірекке атыла жүгірді. Дереу зеңбіректің мойнын бұрып жіберіп артына еңкейді де, нысанаға дәлдеп, пілтеге отты қойып-ақ қалды.

Кемедегі біздің бүкіл бәріміз, қатерден қыбыр етпей, не болар екен деп күттік.

Зеңбірек гүрс еткенде, біз артиллеристің зеңбіректің жанына бүктүсіп құлай кетіп, бетін алақанымен жаба салғанын көрдік. Жайынның және балалардың не болғанын біз көре алмай қалдық, өйткені біздің көз алдымызды заматта көк түтін баса қалды.

Ал, су бетіндегі көк түтін сейілген кезде, тұс-тұсынан ақырын күбір-күбір басталды да, үн дабыралана барып ақырында самбырлаған қуанышты айқай кеу-кеулей жөнелді.

Мұны есіткен мосқал артиллерист бетін



ашып орнынан көтерілді де, теңізге қарады.

Бұл кезде жайраған жайынның ақтарылған сары қарыны толқынның бетінде шайқалып бара жатыр еді. Осыдан бірнеше минуттан кейін, әлгі қайық балаларға жүзіп барып, оларды кемеге жеткізді.

Аударған М. НҰРТАЗИН.



НЕГЕ БҰЛАЙ МАҚТАЙДЫ?

«Сақтығында еш айып жоқ, жатпайды,
Басқа теуіп жатсаңдағы қаппайды.»
Майлыаяқты атам солай мақтайды,
Сендіре алмай қойдым, бірақ, Ақтайды.

Ақтай, міне, осыны айтсам көнбейді,
Итім түгіл өзіме де сенбейді.

— Басқа тебу дегеніңді атама
Кет дегенге кете қойса жөн,— дейді.

— Олай болса, көзің анық жетсін,— деп,
Қақ маңдайдан Майлыаяқты тептім кеп.
Мақтауымды айтып, тіпті, болмай-ақ,
Арс етті де ала түсті Майлыаяқ.

— Басқа тепсе, демеп пе еді, қаппайды,
Түсінбеймін, неге бұлай мақтайды!!

Ж. СМАҚОВ.

КӨКТЕМДЕ

Інімді мен ерте ояттым: — тұр-тұрлап,
Құстар ұшып, келіп қапты қыйқулап.
Үйрек анау ұшып жүрген ақырын,
Мынау қаздар,— деп, көрсетіп жатырмын.

Шақырады, інім қолын бұлғайды,
Бірақ, қай құс оның сөзін тыңдайды!!
Бәрі зулап көк жүзінде самғайды.
Бәрі тынбай ән салады, сайрайды.

Маған інім сұрақ қойды бір ауық,
— Құстар неге ән салады қуанып!
— Білмеуші ме ең келген олар бұл маңға
Шұғылалы көктем күнін тойлауға!

Қ. МҮСРЕПОВ.

БӨБЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

ЖАМАУ

Көйлегіңнің етегін
Жыртыпсың ғой, тентегім,
Қане, көктеп көрейін,
Қазір жамап берейін...

Жамап болдым, ойнай ғой...
Тоқта, сұмдық... ойбай, қой...
Жамаумен бір бүріліп
Шалбарым қапты ілігіп.



ҰРЫ

Қаймақты сүт бар шөңкеге
Мысық кеп, көзін төңкере,
Өңешін созып қарады.
Өз ұртын өзі жалады.

Ернеуде тұрды үңіліп,
Күмп етті кенет сүрініп,
Малтығып сүтке тұншықты
Аянышты үн шықты.

КӨЛ БАСЫНДА



Көл жағасы — зер кілем,
Көкке итім аунады.
Самал бетін желпіген
Көлден балық ауладым.

Қармағымның жеміне
Қаптап келді шабақтар,
Бір-біріне желіге,
Дегендей: «Кел, тамақ бар!»

Жемді тез кеп асады,
Кей балық тым желөкпе.
Озбыр қайда қашады
Салдым ұстап шелекке.

ТИІН

Бұртық аузың бүлкілдеп,
Дірілдейді қыл құлақ,
Жаңғағыңды біртіндеп
Тауыстың ғой бүгін-ақ.

Әлі жассың, жасқаншақ,
Ұстамаймын сені мен,
Орғып, қарғып қашқанша
Достассаңшы менімен.



БАҚТАҒЫ ӘНШІЛЕР

Міне, бізде тамаша:
Жаз көркіне жараса,
Бақта дуды молайтып
Құстар отыр хор айтып.

Көбі жаңа үйлерде
«Қоныс» биін билеуде.
«Үй сап берген, балалар,
Көп жасаңдар!» — деді олар.

Ә. ТАБЫЛДИЕВ.

СЫЙПАЛАЙ БЕРДІМ АЯҒЫН

Ағады өзен алдымда,
Сыйпайды самал арқамнан...
Жағада, жасып шалғында
Жатырмын түсіп шалқамнан.

Исі де шөптің көктеген
Салғандай еске талайды...
Қараймын сонау көкке мен,
Ақ бұлттар маған қарайды.

Түртеді шалғын басымнан,
Қарайды маған күн күліп.
Кенеттен біреу қасымнан
Шошытты мені шыңғырып.

Лағын қуып киіктің
Көк тазым жүйткіп келеді.
Деуші едім бұрын сүйіктім,
Ұнатпай қалдым мен оны.

Лаққа қазір жан қайғы,
Ол соны маған ұқтырды.
Жалынып, байғұс маңрайды,
Төбемнің шашы тік тұрды.

Шыңғырды киік лағы,
Жүгірдім алдан мен енді.
Жер сүзе итім құлады,
Зымырап лақ жөнелді.

Аядым киік лағын,
Итімді және аядым.
Дегендей жаман құладың,
Сыйпалай бердім аяғын...

С. ЖИЕНБАЕВ.

Қызылорда

ПЛОТИНАСЫ

Басы Тянь-Шань тауларынан басталып, аяғы Арал теңізімен ұштасатын тасқынды Сырдария, Қызылорда қаласына он километрдей қалғанда, оңтүстікке қарай кілт бұрылып, қойнау қалдырады. Бұл қойнауды Сыр бойының елі «Сабалақ» деп атаған. Бұл, шамасы, оның табиғат сыйпатына қарай қойылған ат болса керек. Саурында жусан мен изеннен, шеңгел мен жыңғылдан басқа бұта жоқ. Бұл қолтық, расында, сабалақ боп көрінуші еді.

Сабалақ өңірі ғасырлар бойы, сараң әкедей, безеріп жатса Сырдария одан да бетер, өгей анадай, жағасын жайлаған елге сүмесін бермей келді. Кей жылдары, көріне мінгендей, арнасынан асып төгілсе, кей жылдары қасық суға зар етті. Асып-төгілгенде ауыл-қыстақтар суға батып-батып қасірет шексе, тартылып суалғанда халық аштыққа, жапаңаштыққа, жұтқа ұшырайтын еді.

Сондықтан Сыр бойын жайлаған елдің көп жылғы арманы, тілегі асау өзенді ауыздықтау, оның тулаған толқынын игі ниетке жұмсау болып келді. Бұл арман тек Октябрь революциясы жеңістерінің нәтижесінде ғана жүзеге асты. Осыдан бірнеше жыл бұрын сазарған Сабалақ өңіріне жаңа өмір келді. Асау өзенді ауыздықтауға аттанушылардың алғашқы тобы қойнауға шабуыл туын әкеліп тікті.

Сары дала өзгере бастады. Оның Сабалақ аты да өшіп, жаңа атқа ие болды. мұнда Тасбөгет поселкесінің алғашқы ірге тасы қаланды. Қызылорда плотинасының құрылысы осылай басталды.

Қызылорда плотинасының маңызы зор еді. Бұл құрылыс біткенде облыстың жақын маңдағы Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш сыяқты аудандардың екі жүз мың гектардан астам егіндік жері, бір миллион тоғыз жүз мың гектар шабындық, жайылым жерлер суарылатын болады. Суармалы жерлер игерілуі нәтижесінде егіннің өнімі артады, әр гектар күріштен жетпіс бес центнерден, әр гектар бидайдан қырық центнерден өнім алынады.

Әрине, бұл үшін қыруар жұмыстар істелуі керек. Басы Сырдарияның иінінен тік басталып, қойнауды жарып өткен арнаның ұзындығының өзі үш километрге созылды, кендігі екі жүз, тереңдігі он екі метрге жетті. Бұдан қазып шығарылған топырақты тасу үшін мың-мыңдаған вагондар керек болды.

Жаңа арнаның сағасына салынған алып қамалдай асқақ бетон қабырғалар мен темір қақпаларды көзге елестетіп көріңіздерші. Мұндағы үлкен қақпаның өзі бесеу. Бұған сол жақ бас каналдың алты, оң жақ бас каналдың үш кіші қақпасын қосыңыз. Әр үлкен қақпа секундына екі жүз елу текшеметр су өткізетін болса, ұлылы-кішілі барлық қақпадан бір мезетте қанша су өтетінін өздерің байқарсыңдар!

Құрылысқа арнап салынған бетон заводының ұшының өзі бес қабат. Құм, тас төгілетін, терең канал пішіндес, бір галлерейаның ұзындығы 200 метр.

Тастарды уатып іріктейтін транспортердің ұзындығы елу метрге, іріктелген тастарды бесінші қабатқа дейін көтеріп апаратын транспортердің ұзындығы алпыс жеті метрге жетеді.

Бұдан басқа, мұнда күші жеті мың киловаттық электр станциясы, күрделі механикалық мастерской, автобаза, ағаш өңдеу комбинаты, трактор паркі бар. Құрылыс материалдарын жеткізіп тұру үшін ұзындығы жеті километрге жуық темір жол салынып, ол Ташкент темір жолымен жалғастырылды.

Қызылорда плотинасы алуан ерліктер мен қажырлы күрестер мектебі болды. Ондаған еңбек озаттарының есімі республикамыздың түкпір-түкпіріне тарады. Қазалы ауданынан шыққан колхозшы Уәисов Оспан плотина құрылысында техниканы игеріп, бетон құюдың шебері болды. Бұрынғы колхозшы, плотина құрылысында сылақшы, пешші, үй қалаушы, бетон құюшы сыяқты бес-алты мамандықты меңгеріп шыққан Шәкенова Шәрипаны бүкіл облыс еңбекшілері біледі. Экскаватормен топырақ шығаруда аса жоғары көрсеткіштерге ие болған озат машинист Максимовичтің, күндік жұмыс нормасын үнемі екі-екі жарым еседен орындап отырған шофер Исмаиловтың, өткен жылдың өзінде 1960 жылдың есебіне өнім берген токарь Б. Лопандиннің істері көпке үлгі. Мұндай, қадамына көз ілеспейтіндей жүйріктер мен жүлде алғандар плотина құрылысында жүздеп саналады.

Соңғы жылдары Сабалақ өңірі адам танығысыз болып өзгерді, мықтап көркейді. Құрылысшылар қаласы Тасбөгет поселкесі республикамыздағы көрікті поселкелердің біріне айналды. Оның сап түзеген стандартты үйлері, сәнді көшелері көрген жанның көзін бірден өзіне аударып, көңіліне қуаныш сезімін құяды. Бұрынғы селдір өскен жыңғыл мен тікенді шеңгелдер орнын, қазір жапырағы жайқалған жасыл ағаштар басқан, айналасы ағаш шарбақпен қоршалған демалыс паркі құрылысшылардың сүйікті мекені. Оның күні-түні фонтан атқып тұратын алаңдарында сан түрлі гүлдер жайқалып шешек атады, хош иісін жаяды.

Плотина құрылысында жастар мен құрылысшылар балаларының өз білімін үздіксіз өсіріп отыруына толық жағдай жасалды. Мұнда орта мектеп бар. Оны бітіріп шыққан көптеген жастар колхоз-совхоз далаларына, өндіріс орындарына жұмыс істеуге аттанады. Ондаған жастар плотина құрылысының өзінде қалып, түрлі мамандықтарды игеруге кіріседі. Сондай-ақ, құрылыс жанындағы жұмысшы жастар орта мектебі де үстіміздегі жылы мектеп бітірушілердің оныншы тобын шығарғалы отыр.

Қазір Қызылорда плотинасында құрылыс жұмыстары аяқталып келеді. Асау Сырдария бұл күндері адамдар еркіне толық бағындырылып, ескі арнадан жаңа арнаға аударылды. Оның тулаған толқындары темір қақпалардан өтетін болды. Бұл толқындардың бір бөлегі өткен жылдың күзінде-ақ колхоз даласына жіберіліп, алғаш рет ел игілігіне асырылды. Қызылорда плотинасы алтыншы бесжылдықтың қатарға бірінші болып қосылған алып құрылыс — тұңғыш перзенттерінің бірі болмақ.

Қызылорда.

С. БАЯЗИТОВ.

Сейтжан Омаров—50 жаста



1951 жылы Москваға барғанымда «Европа» мейманханасының залында башқұрттың атақты ақыны Сайфи Құдаш кездесе қалды. Ол бір кезде қазақ даласында оқытушы болған, біздің тілге судай, қазақ әдебиетінің күнбе-күнгі жаңалығын қадағалап бағып отыратын жазушы. Шүйіркелесе кеттік. Әңгіме үстінде:

— Сейтжан «Заман күші» жыйнағынан кейін не жазып жүр?—деп сұрады. Оның сауалына жауап берместен бұрын:

— Сіз ол жыйнақты қайдан білесіз? — дедім.

— Біздің әдебиетшілеріміз ол жазушыңызды жақсы біледі, нәрлі де қызық әңгімелері арқылы біледі,— деді ол.

Сол сәтте менің есіме халықтың «Жақсы ақынға жаттық жоқ» деген сөзі түсе кетті. Рас-ау! Жақсыны кім білмейді, жарықты кім көрмейді?!

Сейтжан Омаров қазақ әдебиеті қайраткерлері қатарына келіп қалам тербегеніне 25 жыл толды. Ол быйыл 50 жаста. Өзіндік мәнері бар, тілі жаттық, тартымды да ықшам әңгімелердің авторы Сейтжан Омаров бүгін өзі жасаған кейіпкерлер арасында тағы бір жаңа шығармасын ойлап отырғанға ұқсайды. Өйткені С. Омаров көбінесе бүгінгі қаһармандарымыз жайлы жазады. Отан соғысының жеңімпаз жауынгері, жауға бас иеген партизан, ой-санасы жаңарған қарт колхозшы, абзал ана. Солардың арасында қаншама баланың сүйкімді бейнесі бар. Сейтжан шығармаларын көпті көрген кәрі де, өмір табалдырығын жаңа ғана аттаған бөбек те сүйсініп оқыйды, ортақ ой табады. Жазушының «Бақыт», «Заман күші», «Аққу күйі», «Әңгімелер» деген және тағы басқа кітаптары осының айғағы.

Қазақ оқушы, пионерлері қазір қай мектепке барсаң да, В. Катаевтың «Полк баласы», «Ағараңдаған жалғыз желкен» повестерін қолынан түсірмей оқыйды. Осы кітаптарды да, сол сыяқты В. Некрасовтың «Сталинград окоптарында», Л. Толстой мен М. Горькийдің, А. Чехов пен И. Франконың бірталай шығармасын қазақша аударған жазушы Сейтжан Омаров.

Сейтжан Омаров революциядан кейінгі қазақ ауылындағы өмір өзгерістерін суреттейтін көлемді повесті таяуда жазып бітірді. Мұның басты қаһарманы — оқытушы. Бұл кітап та балаларға үлкен тарту болмақ.

50 жасқа келген тойымен құттықтай отырып, С. Омаровтың бұдан былай да жемісті еңбек етуіне тілектестік білдіреміз.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.



ҚАЗАҚ ЕРТЕГІСІНІҢ САРЫНЫМЕН

Сыңсыған ну орман маужырап қалғып кетті. Жалтаң аспанның оң жақ иығына шығып алып, алтын табақтай жарқырап тұрған ай осы орманның қас қақпас қарауылындай шақырая қалыпты.

Қалың қарағайдың шығыс жақ беткейіндегі айдын-шалқар көлдің жыңғыл қамысы да бүгін сыбырламайды. Түнгі табиғаттың бейқам тыныштығын жолбарыстың қаһарлы үні кенет бұзып жіберді.

— Қайдасың, түлкі! Шақырған бағыныштыларым неге келмей жатыр!

Жолбарыстың өктем дауысы шыққанда түлкі оның қасына жалма-жан жетіп келді.

— Әміріңіз орындалады, тақсыр! Сәл кешігіп қалғаным. Айып менде, көзім ілініп кетіпті...

Жолбарыс ашуға басты:

— Қара бассын сені!

Аузын аңқытып есінеп тұрған түлкінің ұйқысы шайдай ашылды.

Басын оң жағына қыңырайтып тұрып, жалынып жатыр.

— Бұйырсаңыз, лезде жыйнап әкелейін!..

— Бар, шапшаң алып кел!..

Түлкі зыта жөнелді.

Осы ормандағы аң мен құстарды арыстанмен бөліскенде жолбарыстың үлесіне түлкі, қасқыр, қабан, аю, әтеш, қоян және егеуқұйрық тышқан тиген еді, Жолбарыстың әмірімен осылар тегіс келді.

Көлдің қабағындағы бір дөңестеу жерге шығып тұрып, жолбарыс далыя сөйледі:

— Арыстан ішіне шынашақ айналмайтын күншіл екен. Бұл жерден көзіңді жоғалтпасаң, өзіңді де, өзге бағыныштыларыңды да қырып-жоямын,— дейді...— Өзіме жайлы мекен іздеп табуға ниет етіп тұрмын...

Арсалақтап бәрінен бұрын түлкі сөйледі:

— Сізге серік болуға жарасақ, не арманымыз бар, тақсыр!

Қасқыр айға қарап ұлып алды да, өз ойын айтты:

— Өз басым сізбен бірге өлемін...

— Мен де сізден қалмаймын,— деп аю тілін салақтатып ыңырана есінеді.

Жалғанның жарымын обып жіберетіндей-ақ азу тісін ақсыйта қорсылдап қабан тілге келді:

— Күшке келсе жөпшенділікке бола қоймаспын... Сізбен бірге барамын.

Көзі оттай жайнап, арқасын күжірейтіп мысық шар ете қалды:

— Адымым қысқа, қауқарым аз ғой, мені әурелемей-ақ қойыңыз.

— Мәссаған безгелдек! — деді түлкі таңданып.— Сорлы-ау, құрайын деп тұрсың ба!

Жолбарыс қасқырға бұйырды:

— Мына құлар өзара мәслихаттасып келсе керек... Мысықты, әтешті, қоянды, тышқанды құрт қазір.

Қасқыр шыйыршық атып ұмтыла бергенде, кінәлы болған әлсіздер зарилеп шулап қоя берді.

— Жанымызды қалдыра көріңіз...

— Біріміз қалмай жөлекеннің соңынан еруге өзіміз...

Сонда жолбарыс тұрып оларға қатал ескерту айтты:

— Бір жолға тілектеріңді берейін. Егер бұдан былай тайсақтайтын болсаңдар, менен жақсылық күтпеңдер...

Жолбарыс, түлкі, аю, қасқыр, қабан, мысық, әтеш, қоян, тышқан елең-алаңнан жолға шықты.

Арада талай күн өтті. Не бір терең сулардан өтіп, биік таулардан асты. Жолшыбай кездескен әлсіз аңдарды қағып жеп, мөлдір бұлақтардың суынан қанып ішіп ілгері жүре берді. Тамақтың бар дәмдісін жолбарыс өзі жеді, өзінен қалғанын түлкі, аю, қасқыр, қабанға берді, қалған-құтқандары әтеш, қоян, тышқанға тиді.

Күндерде бір күн жолаушылар елсіз-күнсіз жапан далаға кез болды. Ұшқан құс, жүгірген аң көрінбейді. Бір тамшы су, бір тал өсімдік те жоқ. Тұзы шыққан қызыл сор, таудай-таудай қара құм... Шақырайған күн жер жүзін жалындай күйдіреді. Оттай ыстық аңызақ жел ойнақ салады.

Жолбарыс бастаған жолаушылар өліп-талып осы жапан түзді кезіп үш күн жүрді.

Бір төбенің басына тоқтап жолбарыс кеңес құрды.

— Аштан өлуге таяндық... Қалай тойынамыз! Соның амалын қайсың, табасыңдар!

Әлі құрып өлесі болған әтеш қанатын әрең қозғап, мойнын созып тұрды да:

— Ку-кере-ку,— деп бақырып қалды. Жолбарыс қаһарын тігіп оған зекіп тастады:

— Өшір үніңді! Жұрт аштан өлгелі тұрса, бұл қу ән салады... Одан да тамақ табудың амалын айтсайшы!..

— Әміріңізге құлдық! — деді әтеш.

— Сөйле кәні!..

— Мен сөйлесем, дәлін айтамын,— деді әтеш қоразданып.

— Біз тұмсық неменің дәлшіліне не берерсің,— деп түлкі жолбарыстың құлағына сыбырлады.

Әтеш кіжініп сөйлеп кетті:

— Жолшыл еді, жортса жолдағыны, ақырса аспандағыны алатын күшті еді деп, жолбарыс саған еріп шығып едік... Сөйткен сенен де тырнақтай береке таппадық. Ең әуелі сенің өзіңді жесек деп тұрмын...

Жолбарыс күндей күркіреп ашуға басты:

— Мына малғұн не деп тұр! Құрт көзін шапшаң! — Қасқырға бажырая қарады.

— Әміріңізге құлдық, тақсыр! — деп қасқыр әтешке ұмтыла бергенде, мысық шарылдап араға түсіп, басалқы айтты:

— Ашыққан әтештен не ақыл сұрайсыз. Сәл ағат кетті. Төрелігін мен айтайын...

— Айт, шапшаң! — деді жолбарыс тыжырынып.

— Мойны жуан, терісі қалың еді. Осынша жанды аштан өлтіре ме, әуелгі кезек аюдікі болса қайтеді!

Аю одырая қарап, оқшау шықты.



— Бұған сен не дейсің! — деп жолбарыс түлкіге қарады.

Түлкі шұбырта жөнелді:

— Жолбарыс біздің жолбарысың, жолбарысыңа кім тисін, аю біздің ағамыз, ағамызға кім тисін.

— Қасқыр мен қабанды қайтер екенсің! — деп, көзі жыпылықтап шоқыйып отырған қоян бір орғып түсті.

— Құрттай сабыр ете тұр, жырығым, қазір оларға да жетемін.

— Жолбарыс біздің жолбарысың, жолбарысыңа кім тисін, қасқыр біздің қанды би, қанды биге кім тисін.

Әтеш, қоян, мысық, тышқан төртеуі шоқтай боп бір жерге үйіріле қалды.

Шек-сілесі қатып күлді түлкі.

— Ең әуелі кімге ауыз салатынымызды іштері сезеді білем, табыса қойғандарын қарашы...

Мысық шар ете қалды:

— Уа, түлкі, сөйлегенде тіліңнен май тамызасың... Күштілерді мақтағанда түбі түскен күбі шелектей күпілдейсің... Сондағы тіске жұмсағың мына біз болғанымыз ба! — Қасындағы әтешке, қоянға, тышқанға мұңая қарады.

— Қыйт етсе шарылдап қоя береді, үнін өшірейін өзінің. Осы ділмәрдің өзінен бастайық, — деп түлкі жолбарысқа жақындай түсті.

Түлкінің бұл қоқанлоққысынан мысық сескене қойған жоқ, ойнақтап оқшау шықты да:

— Кетейік, серіктерім, мыналардың пейілі жаман екен, — деді.

Бәрінен бұрын қоян зытты. Тышқан атылып барып қоянның арқасына мініп алды. Қанаты далбақтап әтеш ұшып кетті. Ең соңынан мысық орғып жөнелгенде, жолбарыс бассалды.

Жолбарыс, түлкі, аю, қабан, қасқыр жабылып мысықты тік көтере жеп қойды.

— Мысықтың еті жұмырыма жұғың да болған жоқ, — деді жолбарыс. — Қарным шұрылдап барады...

— Көреп көзге сізді аштан өлтіреміз бе! — деді түлкі. — Аюды жеп лық тойып алыңыз...

Аю сасқалақтап қаша жөнелгенде, қасқыр оны шап беріп ұстап алып алқымын сығымдай бастады.

Аюдың етін бөліп жеп, жолбарыс, түлкі, қасқыр, қабан төртеуі ілгері жүріп кетті. Он күнде қабан мен қасқырды да жеп қойды. Жолбарыс пен түлкі әбден қалжырап өлесі болды.

Бір күні түлкі жолбарысқа былай деді:

— Айдалада аштан өлеміз бе, жолбарыс! Мен сізден гөрі тыңмын ғой, ілгері барып жер шолайын, тамақ іздейін...

Жолбарыс қуанып кетті:

— Тапқышым-ай, білгішім-ай!..

Түлкі жортып кетті. Жолбарыс сол жерде жалғыз қалды. Түлкі келесі күні қайтып келді.

— Десберісі, бір үңгірге тап бола кеткенім... Ішіне кірейін деп едім, жүрегі құрғырдың дауаламағаны... Аузынан сығалап қарасам, майлы еттің иісі келді мұрныма...

— Тапқышым-ай, тапқан екенсің, — деді жолбарыс масаттанып.

Түлкі жолбарысты үңгірге бастап әкелді де, мұртынан күліп тұрып:

— Осы үңгірдің іші толған тамақ... Жарылқанатын болдық... — деді.

— Ішіне кіріп біліп шықшы, не бар екен?

— Әміріңізге құлдық, тақсыр — деп, түлкі зып беріп үңгірге кіріп кетті де, әрі-беріден кейін жылмаңдап қайта шықты.

— Үңгірдің ішінде тағамдар бықып жатыр екен... Майлы ет дейсіз бе, нешетүрлі жеміс дейсіз бе, әйтеуір, не керектің бәрі де осында... Шет-жағасын көрдім де, сізді қуантайын деп асығып қайта шықтым...

Есі кетіп қуанған жолбарыс іс-міс жоқ үңгірге қойып кетті. Үңгірдің бергі ауыз жағы кең болғанымен, бірте-бірте тарыла берді. Әртін барғанда жолбарыстың денесі әрең сыйғандай қуыс екен. Қысылып қалғанын сезіп, жолбарыс тоқтай қалды. Бірақ қозғалуға шама жоқ. Жақпар тастарды қаршылдата кеміріп бұлқынып еді, тынысы тарыла берді.

Түлкі жолбарыстың бөксе тұсында отыр еді. Жолбарыс оған ақырып жіберді:

— Құрттың-ау, қу түлкі!

— Түк те етпейді, — деді түлкі сақ-сақ күліп. — Мойныңыз жуан, теріңіз қалың батырсыз ғой, тырп етпей жата беріңіз, кеулей-кеулей кеудеңізге де жетермін...

Түлкі жолбарыстың бөкесін кеулеп жей бастағанда, әтеш, тышқан, қоян жетіп келді. Олар табанда түлкіні талап өлтіріп, өлімтігін сыртқа шығарып тастады да, жолбарысқа ақырғы сөздерін айтты:

— Көпті қорлаған көмусіз қалар деген осы, жолбарыс!..

С. Омаров.

ЖЫЙЫРМА БЕС

ӘНГІМЕ

Менің жасым быйыл жетпіс бесте. Менің бақандай бес ұлым бар. Олардың бесеуі де осы өзіміздің ауылда, Шарбақтыда, тұрады. Бесеуі де колхозда жұмыс істейді, бесеуінің де бес-бестен баласы бар. Бесті беске көбейтсе, жыйырма бес болады. Демек, менің жыйырма бес немерем бар.

Мен кенже ұлыммен бірге тұрамын. Оның тұңғышы — Алтай, Алтайдан кейінгісі — Қалтай, Қалтайдан кейінгісі — Елтай, Елтайдан кейінгілері — Бөпей мен Көпей. Бәрі де жақсы-ау, тек соңғы кезде Алтайдың сот-қарлығы жиі байқалып жүр. Ол быйыл бе-

сінші класта оқыйды. Өзін іні-қарындастарына ақылшы бола ма десем, қайта олардың ойыншығын тартып алып, әлсін-әлсін жылата береді. Маған бірде көзінен жасы бұршақтап Бөпей келіп шағынса, бірде қабағын түйіп Көпей келіп шағынады.

— Құлыным, не болды? — деймін, жуырда ғана тілі шыққан Көпейді құшақтап.

— Тальтып алды.

— Неңді тартып алды?

— Ойынтығымды, — дейді ол екі ұртын томпайтып.

— Кім?

— Алтай ағам...

«Япырр-ра-ау,— деймін ішімнен,— аға болған адам өстіп аға бола ма екен! Мұнысы несі?» Алтайдың қылықтарын еске түсіремін. Балаларға базарлық әкелгенімде ол ылғый:

— Ата, ойыншықтарды маған берші. Мен таратып берейін, — деп қолыма жармасады. Көңілін жықпай, ойыншықтарды оған ұстата саламын. Бақсам, ол былай шыға бере:

— Сендерге ойыншықты кім берді? Мен бердім. Ендеше менің айтқанымды істейсіңдер, әйтпесе, ойыншықтарымды тартып аламын,— дейді екен. Айтқанымды істе дегендегісі өңшең бір «ананы әкел, мынаны әкет, бері кел, әрі кет, былай отыр, былай тұр» сыяқты бірдеңелер көрінеді. Мұндай жәбірге кім шыдасын! Немерелерім оның кейбір айтқандарын тыңдамайтын да болыпты.

Бір күні мынадай оқыйға болды. Ауыз үйде ағаш жонып отыр едім. Елтай өзінің кішкене жүк машинасына ақ жаңқаларды тиеп алып, еденде зыр жүгіріп ойнап жүр. Үйге Алтай кеп кірді де, үстіндегі қарды қағып жатып:

— Елтай, маған даладан сыпырғыш әкеп берші,— деді.

— Оны қайтесің?

— Аяғымның қарын сүртемін. Бол, жүгірсеңші-ей!

Елтай үндемеді.

— Айтқанымды істемесең! — деп кіжінді Алтай. Ол табан астында Елтайдың машинасын тартып алды, онымен қоймай, иығымен итеріп жіберді.

— Мұны мен бергем саған,— деді ол мұрнын шүйіріп.

Мен түсімді суытып:

— Машинасын дереу қайырып бер. Ал, аяғыңды далаға шығып сұрт,— деп әмір еттім. Ол шығып кетті.

Мені Алтайдың оқыс қылығы қатты ойландырды. «Бұл қалай? — деймін қынжылып. — Ол бұрын менің көзімше бүйтпеуші еді ғой. Іні-қарындастарын былай қойып, енді мені де сыйламайтын болғаны ма?

Алтай бүгін мені сыйламаса, ертең басқаларды да сыйламайтын болады. Сөйте-сөйте кейін барып тұрған өзімшіл, өркөкірек адам болып кетуі де мүмкін. Ол көршілердің балаларымен де онша тату емес. Япыр-ау, ол айтқан тілді неге алмайды?!» Ішім қазандай қайнап кетті. Бұған не шара? Осы кезде толып жатқан немерелерім есіме түсті. Қынжылатын не бар, мен жалғыз емеспін ғой. Үйге кіріп келген Алтайға шұғыл бұрылып тіл қаттым:

— Қарғам, шешінбей тұра тұр. Сен қазір

біздің үйге менің барлық немерелерімді шақырып кел. Атаң шақырып жатыр де.

— Ата, оларды қайтесің? — деді Алтай таңданып.

— Керек. Бірін емес, бәрін шақыр. Түгел келсін. Бошанның үйіндегі — Жоламан, Еламан, Қалқаман, Айша, Қайшаларды шақыр. Әубәкірдің үйіндегі — Болат, Қайрат, Айбат, Күлаш, Зейнештерді шақыр...

Не керек, немерелерімнің атын жіпке тізген шабақтай шұбыртып, түгел атап шықтым. Алтай жүгіріп кете барды.

Аз уақыт өткен соң немерелерім жыйналып та қалды. Көзбен шолып, санап шықтым. Дәл жыйырма бес болды. Немерелерімді қонақ үйге енгіздім де, оларға Алтайдың сотқарлығы жайында көрген-білгенімнің барлығын айтып бердім.

— Ал, қарақтарым, осыған не айтасыңдар? Алтайды қалай тәртіпке шақырамыз? Оған қандай шара қолданамыз? — дедім.

Бұл тосын жайға таңырқаған немерелерім әрі-берлі қозғалақтап, өзара күбірлесе бастады.

— Ата, Алтай кеше мені жақтан тартып қалды. Оны да жақтан тартып жіберші, — деді Қалтай.

— Оның да ойыншығын тартып алу керек,— деді Елтай.

— Иә, иә,— деп, ағасының сөзін Бөпей мен Көпей де қостады.

— Қой! — деді бір немерем. — Алтайда ойыншық жоқ. Біз одан атамның әперген заттарының бәрін тартып аламыз.

Мұндай сөздердің талайы айтылды. Бұл жерде оның бәрін тізіп жатудың қажеті де шамалы. Алтай ешкімге тура қарай алмай, басын төмен салбыратып, үн-түнсіз отыра берді. Ең соңында оныншы класта оқыйтын Жоламан сөз алды.

— Алтайдың мұнысын мектептегі жолдастары білмейді. Біз соларға хабарласақ қайтеді? Алтайдың үйдегі жағымсыз қылықтарын жолдастары да білсін. Оған тиісті шара қолдануды пионерлердің өздеріне тапсырайық.

Алтай кенет жылап жіберіп, алақанымен бетін басты. Аяныш білдірген болуы керек, өзге немерелерім Жоламанның сөзін мақұлдамады, қарсы болды. Ал, көпшіліктің пікірімен санаспауға болмайды. Сондықтан, бір жолға Алтайға кешірім жасауға тура келді.

Содан былай қарай осындай күрделі мәселе кездесе, мен ылғый немерелерімді шақыртып алатын болдым. Істі ауқымдасып, ақылдасып отырып шешкенге не жетсін!

М. Гумеров.

ФЕСТИВАЛЬ ҚАРСАҢЫНДА

Аудан орталығындағы клубқа халық лық толған. Залдағылар сахнадағы дірілдей толқыған қара торғын шымылдықтан көз алмай үнсіз қарап қалған. Көп күттірмей-ақ ойын-сауықты жүргізуші шымылдық сыртына шығып:

— «Фестиваль сыры». Музыкасы оқушы Мұлкаман Қалауовтікі, сөзі Жанұзақовтікі, — деп хабарлады. Шымылдық жайлап екі жаққа ашылды да, сахнада үшбұрыш жасап тұрған оқушы балалар шырқай жөнеледі.

Ән асқақтай көтеріліп барып баяулап тынғанда, залдағылар ризалықпен қол шапалақтады. Сахнаға жеке орындаушылар шықты. Өздігінен ән шығарып талаптанып жүрген Мұлкаман домбырамен күй атасы Құрманғазының «Сарыарқасын», Тәттімбеттің «Сарыжайлауын» нақышына келтіріп орындағанда залдағылар жас баланың өнеріне қатты сүйсінді. Жұртшылықтың сұрауымен Мұлкаман Динаның және бір-екі күйін орындады.

Жас өнерпаз Тұрғанбай Ділдібековтың орындауындағы «Абай» операсындағы Абай ариясы да жақсы шықты. Әсіресе, Гүлжамал Оспанованың бишілік өнері мен Жақсыбай Асқаровтың тақпақ айтудағы шеберлігі ерекше көзге түсті. «Фестиваль қарсаңында» деген атпен ұйымдастырылған бұл концертте ерекше өнер көрсеткен бір топ оқушыларға қалалық комсомол комитеті заттай сыйлықтармен бірге, құрмет грамоталар тапсырды.

Ж. ҚОЖАБЕРГЕНОВ.

Қызылорда қапасы.
1-май атындағы орта мектеп.

МЕНИҢ КІТАПТАРЫМ

Мен демалыс күндері кітап магазиніне барып мектеп жасындағы балаларға арналған кітаптарды сатып алып жүрмін. Алған кітаптарымды оқып шыққаннан кейін де жыртпай, кірлетпей арнаулы шкапка салып қоямын. Қазір менің кітапханамда А. С. Пушкиннің «Дубровский», Н. В. Гогольдің «Тарас Бульбасы», Абай Құнанбаевтың, Жамбыл Жабаевтың өлеңдер жыйнағы, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» тағы басқа көптеген кітаптарым бар.

Мен бұл кітаптарымды кластас достарыма да оқуға беріп тұрамын. Біз кейде магазиннен алған жаңа кітапты сабақтан бос кездерімізде бір үйге жыйналып бірлесіп оқып шығамыз.

Орыс тілінде жазылған, балаларға арналған қысқа әңгімелерді, ертегілерді де бірлесіп оқуға дағдыланып жүрміз.

Қ. БАЛҚЫБЕКОВ.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сайрам ауданы,
Чкалов атындағы жетіжылдық
мектептің оқушысы.



Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Ертенгі таза ауа қандай жақсы» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор) Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 8/V-1957 г. УГ00782. Бум. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 31.000 экз.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 824.





АРАБ ХАЛҚЫНЫҢ КҮЛДІРГІ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Бір кісі дүкенге келіп, сатушыдан қант сұрайды. Сатушы сыртында «бұрыш» деп жазылған сауытты ашады.

— Мен сізден қант сұрадым ғой,— дейді алушы.

— Осынымыздың өзі қант,— деп жауап береді сатушы.

— Бұл қалай, сауыттың сыртына «бұрыш» деп жазылған ғой?

— Е, ол қайтеді,— дейді сатушы,— мұны құмырысқаны алдау үшін жазғанмын.

Бір мылжың өзінің досына:

— Біз жыйында отырғанда неліктен осы кілең мен ғана сөйлеймін, сен болсаң аузыңды да ашпайсың,— дейді.

— Оның дұрыс емес,— деп қарсы дау айтады досы,— сен сөйлеген кезде маған қайта-қайта ауыз ашуға тура келеді, себебі жалыққанымнан дамылсыз есіней беремін.

Шешесі баласына:

— Бүгін тындыруға болатын істі, ешуақытта ертеңге қалдырма,— дейді.

— Жақсы, апажан,— деп бала қуана жауап қатады да, көрші бөлмеге жүгіріп барады.


— Ой, сен не істегелі жүрсің?— деп сасып қалады шешесі.

— Ертеңгіге тиесі халвамды бүгін жеп қойғым келіп тұр,— дейді баласы.

Жапар көйлегін жуып, кептіру үшін арқанға іліп қойса, кенет жел соғып, көйлек жерге түсіп қалады.

— Көйлегімді мезгілінде шешіп үлгергенім қандай жақсы болған,— деп қуанады Жапар,— әйтпегенде, анау биіктен онымен бірге құлағанымда сөзсіз мертiгер едім-ау.

КРИПТОГРАММА



- I. 1. 9. 3. 14. 11— табиғат құбылысы.
- II. 13. 12. 11— планета.
- III. 15. 14. 4.— мезгіл.
- IV. 13. 8. 5. 8— ыдыс.
- V. 1. 2. 3. 10. 11— үстеу.
- VI. 6. 8. 15. 7— сан есім.

Жоғарыдағы сөздердің жауабын дұрыс тауып клеткадағы сандардың орнына әріп қойсаңдар, егіс жөнінде халық мақалы шығады.

ЖҰМБАҚТАР

Әр жерде мекен, тұрағым,
Жыл бойы көктеп тұрамын.

Тынбастан көп көшеді,
Жылауық өзі деседі.

Орақ құйрық, тарақ бас,
Көп ұйқыны жаратпас.

Н. БАЙСЕРКЕЕВ

Алматы облысы, Шелек ауданы,
Малыбай селосы.

«ПИОНЕР» ЖУРНАЛЫНЫҢ 4-ші САНЫНДАҒЫ «КРОССВОРД-ТЫҢ» ЖАУАБЫ:

Көлденеңінен:

1. Қант. 3. Орша. 5. Лазо. 7. Арба. 8. Айна. 10. Нева. 12. Қамыс. 14. Сатин. 16. «Ара». 17. Алдан. 18. Иемен. 19. «Ана». 20. Марат. 23. Нерис. 26. Карта. 28. Кілем. 30. Тіл. 31. Көмір. 33. Тақта. 35. Алу. 36. Күміс. 37. Нарва. 38. Анод. 40. Әлия. 42. Иран. 43. Суат. 44. Айла. 45. Шота.

Тігінен:

1. Қола. 2. Тула. 3. Оран. 4. Алма. 6. Орман. 7. Антей. 9. Нота. 11. Емен. 12. Қадам. 13. Сағат. 14. Сазан. 15. Намыс. 21. Ауа. 22. Ант. 24. Екі. 25. Ине. 26. Көмек. 27. Атлас. 28. Клоун. 29. Мақта. 31. Кино. 32. Роман. 33. Тарас. 34. Арал. 38. Арпа. 39. Дина. 40. Әтеш. 41. Ялта.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

С. Сексенбаев (Қарағанды облысы), М. Мүсірепов, З. Жұмабекова (Талдықорған облысы), Р. Мұхитов (Шығыс Қазақстан облысы), К. Ратаева (Оңтүстік Қазақстан облысы), С. Қадірбергенов (Қызылорда облысы).

БАҒАСЫ 100М

